Анализ данного учебного плана дает основания для следующих выводов: изменилась структура учебного процесса в морских учебных заведениях; уменьшилось количество недель экзаменационной сессии и каникул; по окончании обучения предполагалось получение учащимися рабочей профессии. Практическая подготовка и совершенствование профессиональных навыков будущих судоводителей предполагали такие виды деятельности: практическое обучение на учебных судах для получения рабочей профессии матроса II класса; практическое обучение на учебно-производственных судах с механическим двигателем для получения рабочей профессии матроса I класса; работа на производстве на судах ММФ в штатной должности матроса I класса; учебная практика по специальности техника-судоводителя; практическое обучение в лабораториях электронavigационных и радионавигационных приборов; практическое обучение на учебном судне. Содержание подготовки в соответствии с учебным планом 1961 года подверглось ряду изменений: общее количество учебного времени возросло за счет включения в подготовку ряда факультативных дисциплин; уменьшилось количество часов на изучение дисциплин общеобразовательного цикла в связи с переходом на 8-летнее неполное образование; уменьшилось количество учебного времени предметов общетехнического цикла, одной из причин чего являлось изъятие из плана подготовки судоводителей дисциплины «Общая электротехника»; в специальном цикле подготовки появился ряд новых учебных предметов: английский язык, морское дело, электротехника и электрооборудование судов, технология перевозки грузов морем, экономика, организация и планирование работы морского флота; в учебном плане предусмотрено изучение дополнительного материала, который определялся в учебном заведении союзного подчинения министерствами и ведомствами

СССР по согласованию с министерствами высшего и среднего специального образования союзных республик; расширился спектр практической подготовки будущих техников-судоводителей.

Подготовка специалистов в морских учебных заведениях в соответствии с учебным планом, утвержденным Министерством высшего и среднего специального образования СССР 12 апреля 1972 года. Техник-судоводитель, согласно данному учебному плану, готовился для работы в должности от 4-го помощника до капитана на судах ММФ без ограничения группы судна и района плавания. Следует отметить, что наблюдается уменьшение срока обучения будущих специалистов морской отрасли по сравнению с планом подготовки 1961 года. Теперь он составляет 4 года 4 месяца на базе 8-летней общеобразовательной школы.

Сравнительный анализ сводных данных по распределению учебного времени в соответствии с планами 1961 и 1972 гг. показывает, что теоретическая подготовка увеличилась на 372 часа. Также наблюдается тенденция уменьшения времени, выделяемого на экзаменационную сессию и государственные экзамены. Длительность каникулярного периода, наоборот, увеличилась до 24 недель. В содержании подготовки также наблюдаются существенные изменения:

- общеобразовательный цикл: возросло общее количество часов; предметы «Основы политических знаний» и «Экономическая география» полностью изъяты; появилась новая дисциплина «Обществоведение»; увеличилось количество учебных часов по математике;

- общетехнический цикл уменьшился на 67 часов;

- специальный цикл: дисциплины начали делить на две группы – общеспециальные и профильные; предметы «Метеорология и океанография», а также «Техника безопасности и противопожарная техника» заменены на «Навигационную гидрометеорологию» и «Охрану труда и противопожарную защиту» соответственно; появились новые дисциплины – «Управление судном и его техническая эксплуатация», «Коммерческая эксплуатация судна»; перечень предметов узкой специальности, на изучение которых выделялось 100 часов, определялся министерствами и ведомствами отрасли; отдельно в учебном плане предусматривается объем учебных часов на гражданскую и специальную подготовку, что свидетельствует о важности морского флота в обеспечении национальной безопасности страны;

- в факультативной части учебного плана «Судовая гигиена» и «Консультации в период производственной практики» заменены на

«Общественно-политическую работу на судах ММФ» и предметы, определяемые Министерством для подведомственных учебных заведений;

– практическая подготовка предполагала прохождение курсантами учебной практики на учебных судах (включая получение рабочей профессии матроса II класса), на учебно-производственных судах (включая получение рабочей профессии матроса I класса), технологической на судах ММФ, учебных сборов и преддипломной практики по специальности техника-судоводителя. Из структуры практической подготовки изъято практическое обучение в лабораториях электронavigационных и радионавигационных приборов в период экзаменационно-лабораторной сессии.

Подготовка специалистов в морских учебных заведениях в соответствии с учебным планом, утвержденным Министерством высшего и среднего специального образования СССР 5 августа 1982 года. Техник-судоводитель, согласно данному учебному плану, готовился для работы в должностях четвертого и третьего помощника капитана в зависимости от водоизмещения судна, а также на других должностях, подлежащих замещению специалистами со средним специальным образованием. По сравнению с учебными планами, проанализированными выше, срок обучения уменьшился. Теперь он составляет 4 года на базе 8-летней общеобразовательной школы.

Анализ и сравнение учебных планов 1972 и 1982 гг. по специальности 1612 Морское судовождение разрешают сделать вывод, что в распределении учебного времени произошли следующие изменения: в связи с уменьшением срока обучения уменьшилось общее количество учебного времени; длительность преддипломной практики уменьшилась в три раза, а технологической – увеличилась почти в два раза. В структуре подготовки выпускников морских учебных заведений история, обществоведение, советское право, а также экономическая и социальная география мира объединены в отдельный цикл социально-экономических дисциплин. К общеобразовательным предметам была добавлена общая биология. Состав специального цикла сохранился практически без изменений. Дисциплины «Магнито-компасное дело» и «Электронавигационные приборы» объединены в один учебный предмет – электронavigационные приборы и магнитные компасы. Несмотря на уменьшение общего количества учебного времени, особое внимание в учебно-воспитательном процессе морских учебных заведений уделялось

специальной подготовке. В соответствии с планом 1982 года курсанты проходили начальную военную и военно-морскую подготовку экипажей гражданских судов. Кроме того, одним из основных требований к специалистам морского флота было владение ими основами марксистско-ленинского учения, поэтому в состав факультативных предметов была введена дисциплина «Основы марксистско-ленинской этики и эстетики». Также наблюдается полное становление структуры практической подготовки. Как и прежде, курсанты проходили практику на учебных и учебно-производственных судах, технологическую и преддипломную – на судах ММФ.

На основе вышеприведенного анализа можно сделать вывод о том, что становление и развитие морского образования в исследуемый период происходило параллельно с активными изменениями в политической, экономической и социальной сферах страны. В динамике развития подготовки специалистов для морской отрасли прослеживаются следующие тенденции: повышение престижности морских специальностей и расширение их спектра, трансформация структуры подготовки моряков в соответствии с изменениями в образовательной отрасли страны, приведение содержания планов обучения курсантов морских учебных заведений в соответствие с уровнем развития техники и технологий морехозяйственного комплекса страны. Дальнейшие историко-педагогические разведки могут быть направлены на исследование проблемы развития содержания физико-математической и гуманитарной подготовки студентов высших морских учебных заведений.

Список литературы

1 Буркинський Б. В. Формування Морської доктрини України / Б. В. Буркинський, О. М. Котлубай, В. М. Степанов. // Вісник Національної академії наук України. – 2008. – №9. – С. 6–11.

2 Гончаренко С. У. Український педагогічний словник / С. У. Гончаренко. – К.: Либідь, 1997. – 376 с.

3 Російська педагогічна енциклопедія [Електронний ресурс] – Режим доступу до ресурсу:
http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pedagog/russpenc/index.php.

Түйін

Мақалада ХХ ғасырдың 50-80 жылдарында Украина оқу орындарында теңіз флотына маман даярлауды дамытудың тарихи-педагогикалық аспектіде зерттелуі ұсынылған. Зерттелу нысанындағы оқу жоспарларына анализ жасау қорытындысы бойынша төмендегідей үрдістер айқындалды: теңіз мамандықтарының беделі артты және олардың аясы кеңейді, елдің білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты теңізшілерді даярлау құрылымы

түрлендірілді, теңізшілерді даярлайтын оқу орындарының түлектерін оқыту мазмұны мемлекеттік теңіз шаруашылығы кешеніне тиесілі техника мен технологияның дамуына сәйкестендірілді.

Resume

The article deals with the research of the historical-pedagogical aspect of developing of professionals' training at maritime educational institutions of Ukraine in 50-80 s. of XXth century. The analysis of the curricula of training of specialists for the marine industry showed the following trends: the increasing of the prestige of maritime professions and expansion of its range; the transformation of the structure of the training of seafarers in accordance with changes in the educational system of the country; changing the content of training of graduates of maritime educational institutions in accordance with the level of the technological development of the country maritime complex.

**КЕМБРИДЖ УНИВЕРСИТЕТІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ТИІМДІЛІГІ**

М.А. КЕНЕНБАЕВА

педагогика ғылымдарының кандидаты, ПМПИ профессоры
Павлодар мемлекеттік педагогика институты

А.Ш. ТЛЕУЛЕСОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Павлодар мемлекеттік педагогика институты

Б.М.ЖАПАРОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты, ПМПИ доценті,
Павлодар мемлекеттік педагогика институты

Аннотация

Ұсынылып отырған мақалада Кембридж университеті бағдарламасы жайында сөз қозғалады. Жеті модульдің сабақта әрекеттесіп қолданылуы қарастырылады. Сабақта қолданылатын жұмыс түрлерінің ерекшеліктері мен маңыздылығы туралы айтылады. Модульдік және сыни тұрғыдан оқыту технологияларының ерекшеліктері сипатталады.


Түйін сөздер: технология, модуль, деңгейлік тапсырмалар, құзыреттілік, білім жүйесі, бейімделу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», – деп атап көрсетілген [1].

Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Жаңашыл іс-әрекеттің бастамасы ретінде 2012 жылдың 4-сәуірінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің басқаруымен «Педагогикалық шеберлік орталығының біліктілік арттыру» курстары жүргізілуде.

Қазіргі кезде білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық, технологиялардың, педагогикалық жұмыста қалыптасқан нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мұғалім кадрларын дайындау – білім беру жүйесінің іс-әрекетіндегі ең маңызды бағыты. «Кім мұғалім бола алады?», «Мұғалім қандай болу қажет?» деген бұрыннан келе жатқан сұрақтар қазір де әлеуметтік маңызын жойған жоқ. Қазіргі уақытта мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары пән бойынша өтетін курстардан мүлдем өзгеше, себебі: білім берудегі Кембридж университетінің оқыту тәсілі теориялық негіздерге сүйене отырып, қазіргі орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған 7 модуль аясында қамтылады. Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курстары (сурет-1) көрсетілген.



Сурет-1 Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курстары.

Білім беру мазмұнын жаңарту:

– мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары функционалдық сауаттылық пен құзыреттілік тәсіліне бағытталған білім беру мазмұнын қамтамасыз етеді;

– оқу жоспарлары тұлғалық жетілуді қамтамасыз ететін білім беру вариативтілігін, коммуникативті дағдыларды қалыптастыратын

білім алудағы дербестікті, ақпарат пен технологияны пайдалана білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен сыни тұрғыда ойлауды қарастырады.

Жаңа формациялы мұғалім – өмірдің сұранысына қарай бейімделе алатын, жастардың мәселесін сезетін, жаңаша ойлайтын, жаңа оқыту технологияларын меңгеруге ізденетін, компьютерді қажетіне қарай сабақта қолдана алатын, әрбір оқушының психологиясын, жас ерекшеліктерін, мүмкіншіліктерін анықтай алатын, өз мамандығы бойынша ғылыми, әдістемелік және кәсіби деңгейін көтеруге ізденетін жоғары білікті ұстаз.

Бұл бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрын алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен (мұғалімнен, оқулықтан және достарынан, әртүрлі ақпарат құралдарынан) алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асуы керек деген тұжырымдамаға негізделген. Себебі, «дайын» білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті механикалық есте сақтау, үстіртін білім алу жағдайлары да орын алады. Кіріктірілген білім беру бағдарламалары жүзеге асуда.

Дәстүрлі оқытудан алынған білімді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең түсінілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткеннен кейін керексіз болып қалады және оны өмірде пайдалана алмайды. Ал сындарлы (сыни) оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін мектептен тыс жерде кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Бағдарлама негізінде 7 модуль бойынша сабақтарды қызықты етіп өткізу үнемі ізденісті талап етеді. Олар білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, білім беру үшін бағалау және оқытуды бағалау, білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру беру және оқыту, білім берудегі басқару және көшбасшылық. Яғни, педагогика тілімен өрнектесек, оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттілігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі.

Қ. Нағымжанованың пікірінше: «Модульдік оқыту және сыни тұрғыда ойлау, тағы да басқа эксперименттік әдістерді тәжірибеден өткізе отыра, оқушылардың топтық жұмысқа деген қызығушылығы көп екенін аңғардым. Топтық жұмыс – оқушылардың бір-бірімен диалогтық қарым-қатынас жасап, ой пікір бөлісіп, қызығушылығын ояту сатысында оқушыларға ой тастау, ой шақыру», - деген [2].

Топтық жұмыс кезінде әр деңгейдегі оқушылардың өзін-өзі реттеуін, сыни тұрғыдағы ойлауын, мәдениетін, ұйымдастырушылық қабілетін, құндылығын, ұстамдылығын және қалыптасып келе жатқан оқушы бойындағы қасиеттерді аңғаруға болады. Олар өз білген ойларын ашық айтып, ортаға салып, ақылдасып, талқылайды. Әрбір топтың хатшысы ортаға салған ойларды қорытып жазып отырады.

Әр топтан ортаға бір оқушы шығып топтың атынан тұжырымдалған ойларын айтып, сызылған схема немесе жасаған жоба-презентацияны қорғайды. Бұл үлкен жауапкершілік. Тыңдаушыларға өздерінің негізгі айтқысы келген ойларын түсінікті етіп жеткізіп, басқа топтардың қойылған сұрақтарына жауап береді. Осы кезде «Диалогтік оқыту» әдіс-тәсілін пайдаланып, сұрақ қою арқылы мұғалім-оқушы, топпен-топ арасында нақты дұрыс жауап іздеп диалог жүргізеді. Мұғалім оқушылардың тұжырымдауы мен негізі қалай болатынын көрсетіп кемшіліктері мен жетістіктерін айта отырып, қандай мақсатқа жетуді көздейтінін, мақсатқа жету жолдарын түсіну үшін не керек екенін, маңыздылығын түсіндіріп бекітеді.

Топтық жұмысты жүргізе отырып келесідей негізгі тармақтарды түйіндеп шығаруға болады:

- бір-бірінің ойларын, ұсыныстарын тыңдай білу (әркім өз ойларын айтуға құқығы);
- бір-біріне құрметпен қарау (біздің әрбіріміз – жеке тұлға);
- топ жұмысына белсенді қатысу («Қалыс қалма, белсенді бол!»);

- білгеніңмен бөліс («Егер білсең, оны қалай жасау керектігін бәріне айт»).

Сонымен, оқушылар осы сабақтарда сыни ойлаудың 4 негізгі – бақылау, талдау, шешім, интерпретация) дағдысын көрсетті.

Талданып отырған сұраққа, мәселеге, есепке белсенді пікір білдіру, қателіктерді жөндеу – осының бәрі белсенділік пен дербестіктің айқын көрсеткіші. Осыдан топ ішінде пікірі құнды, алға ұмтылған, көшбасшы ретінде жан-жақты жетілген, озық ойлы оқушының дараланып шығары сөзсіз.

Оқушы сын тұрғысында ойланып жетістікке, нәтижеге өзі жету керек. Қазіргі АҚТ технологияларын толығымен пайдаланып, заман талабына сай, когнитивті, жан-жақты, білімді, қандайда болмасын жағдайда өзі нақты дұрыс шешім қабылдай алатын, өзіне-өзі сенімді отансүйгіш, көшбасшы болуға дайындау. Яғни, мұғалім – бағыттаушы. Оқушыларға оқи білуді үйрету, сенімділік арту, сыни тұрғыда ойлауға үйрету – баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды. Мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер болып жатыр.

Білім мазмұнында оқушылардың өз бетінше білім алып, оны практикада қолдана білу қажеттіліктерін тәрбиелеуге бағытталған. Осы орайда оқушыларды зерттеу мен жоба жасауда мақсатты жүйелі түрде бағыттау қажеттілігі туындайды.

М.К. Ермағамбетованың ойынша: «Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттілігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі» [3].

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденіс арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарап іріктеп қолданады. Сол арқылы баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға үйретеміз. Шығармашылық – адам ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғары формасы [4].

Қазіргі педагогика саласындағы жаңа бағыттардың бірі – мұғалімнің және оқушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту. Кембридж университетінің курс бағдарламасы құзыреттілікке бағытталған білім берудің нақты мектеп

тәжірибесінде пайдалануға қажетті оқыту құралдарымен қаруландырады.

Құзырлық – алған білімін пайдалана білу қабілеті, болашақ таңдайтын мамандығына қатысты қабілеттер мен шеберліктерін меңгере білу, әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интегративті қасиеттер жиынтығы.

Жоғарыда айталған мақсаттар мен міндеттер шын мәнінде тәжірибеде орындалып, жүзеге асса, тұлғаның шығармашылық қабілеті дамиды:

- белгілі бір мәселені шешуге қатысу;
- жауапкершілікті сезіну;
- білім беру технологияларын түсіну, меңгеру, қолдануда қабілеттілік таныту;
- ақпараттық қажеттіліктерді сезіну;
- көздеген мақсатқа жетуде әдіс-тәсілдердің бір-бірімен сай келуі;
- белгілі бір тәжірибені пайдалана білу;
- өз білімін өзара байланыстыра ұйымдастыру;
- өзінің жеке оқыту бағдарламаларын құра білу;
- ақпараттармен жұмыс жасай білу;
- өзгеріске икемділік таныту;
- қиындыққа көне және жеңе білу;
- жаңа шешімдер таба білу.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденіс арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарап іріктеп қолданады. Сол арқылы баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға үйретеміз. Шығармашылық – адам ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғары формасы.

Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады.

Кембридж университетінің бағдарламасы жаңа формациялы мұғалім қалыптастыруға бағдарлайды. Сонымен қатар, қазіргі кезде, қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жоғарлауда.

Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту.

Жаңа заман педагогы – үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне енгізе білетін шебер маманды айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қ. Р. Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 ж. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауы // Егемен Қазақстан, 2012 ж, 27 қаңтар.

2 Нағымжанова Қ.Т. Инновациялық технологияның құрылымы.—Алматы: Өркен, 2007 ж. – 47 б.

3 Ермағамбетова М.Қ. «Мұғалім жұмысындағы жаңашылдық – білімнің жаңа сапасы». – Астана. 2012 ж. – 89 б.

4 Касмуханова Г.М. «Жаңа форматтағы біліктілік арттыру курсы күзiреттiлiкке бағытталған білім беру құралы ретінде». – Астана: 2012 ж. –79 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы эффективного использования новых технологий на уроках СФМПО модулями, особенности и значение работ с описанием модульных и критических технологий в учебном процессе.

Resume

This article is about new technologies. The question of effective using of 7 modules at the lessons is considered. And also the peculiarities and meaning of the works used at the lessons by the pupils, the features of modular and critical technologies are described.

**WHAT IS AN INCLUSIVE EDUCATION: A METHOD,
SYSTEM OR PEDAGOGICAL INNOVATION...?**

A.RAMAZANOVA

1st year Master's degree student of
Kokshetau State University named after Shokan Ualikhanov

L. NAVIY

Candidate of Pedagogic Science, the Associate Professor of
Kokshetau State University named after Shokan Ualikhanov

Z.KONUROVA-IDRISOVA

Candidate of Pedagogic Science,
Kokshetau State University named after Shokan Ualikhanov

Annotation

This article deals with the understanding of a concept of inclusive education. It is very important to take into account how to teach children with developmental disabilities in the general education system. On this occasion in the article Dr. David Mitchell's formula are given which can help teachers to teach, to assess; you can find resources and support what a child needs as well.

Key words: inclusive education, special educational needs, vision, component, support, leadership, resources.

Recently, we often hear the phrase "inclusive education" from different people: teachers, academics, parents, heads of educational institutions. "We work on a method (system) of inclusive education" - say the teachers. "Inclusive education does not exist in our country" - say scientists. "We have no problem with inclusive education, we have all inclusive schools." - officials say. Why do we have such different opinions? It is likely, that everyone puts his/her own meaning into this concept.

With the adoption of the State program of the education development in the Republic of Kazakhstan until 2020, that is nominated as one of the objectives in the introduction of inclusive education and is added to the concept of "inclusive education" in the new edition "On education" in the Law of the Republic of Kazakhstan, it is very important to correctly understand this phenomenon especially in the field of education.

We dedicate this article to the understanding of the concept of "inclusive education".

So, inclusive education (IE) is an including education. The word "inclusion" came from the English language and means "to include", such inclusion guarantees support for all included subjects in whatever form it is not required.

As inclusive education is an international phenomenon, then let us turn to the information of the international instruments prepared by UNESCO. As the IE policy is a fundamental principle it is considered that "education is one of the most important human rights and the basis for creating more justified and equitable society" (1). "Simple schools with inclusive orientation have the most effective means of combating discriminatory attitudes, because they create a favorable social environment, build an inclusive society and provide education for all ..." (2).

Who is included in the general education system? Those who are excluded from it, or attending school, does not assimilate knowledge, i.e., are not full participants in the learning process. In different countries of the world there are different layers of the population that belong to non covered education. Somewhere they are girls, working children, religious minorities. In other countries of the world it is the rural population, children from nomadic families or low-income families, national and linguistic minorities. In other words, it is the most vulnerable part of society, which includes children with developed disabilities.

Basic values and beliefs inherent in inclusive education:

- everyone has the right to education;
- education starts from birth. In early childhood education is particularly important, but it does not end in adulthood - a process that lasts a lifetime;
- all children can learn;
- each may face learning difficulties in a particular area or at a certain time;
- everyone needs help in the learning process;
- school, the teacher, the family and society are responsible for the promotion of learning, and not only children;
- the differences are natural, valuable and enriching society;
- discriminative attitudes and behavior should be criticized.
- teachers should not exist by themselves; they need ongoing support (1).

In the above groups of the children, who belong to the most vulnerable segments of society, there are so-called **special educational needs**, which can provide them to access the general education by satisfying those needs. Most of all, when it comes to inclusive education the main focus group for special educational needs are the children with

developmental disabilities (CDD). Their special educational needs are set according to their psychophysical development (hearing, vision, intellect, speech, mobility, emotional spheres). We can underline the specific nature needs inherent to all children with CDD, here are some of them:

- introduction to the content of teaching of special sections that are not presented in the educational programs;
- the usage of special methods, techniques and teaching tools (including specialized computer technology) to ensure the implementation of "detours" teaching;
- individualization of teaching to a greater extent than it is required for a normally developing child;
- providing specific spatial and temporal organization of the educational environment;
- special psychological and educational support and others.

Defining a student with special educational needs in mainstream schools presupposes the creation of a number of special conditions, allowing to satisfy the special educational needs. These conditions are set out in great detail in Dr. David Mitchell's book of a scientific adviser on inclusive education (3). Speaking about the development of IE, David Mitchell believes that the presence of complex conditions is important, the performance of which is mandatory. Otherwise, the idea of IE will be profaned. These conditions were expressed as in a formula:

$IE = V + D + 5C + R + L$. We decipher it and give the definition of each character.

V - Vision. This is a commitment to the basic principles of IE and readiness for its introduction. In the inclusive school each pupil is received and considered as an important member of the team. A pupil with special needs is supported by peers and other members of the school community to meet his specific educational needs.

D - Determined to the school. Including children to the overall learning process rather than segregate them by abilities (special schools, special classes).

5 C - is composed of 5 components: an adapted curriculum, adapted assessment, adapted teaching, adapted accessible environment, recognition of the right of IE.

Adapted curriculum: the general meaning is the adaptation of the educational content and methods of its delivery to students.

Adaptive assessment: assessment should not be a tool for "sorting" the pupils. In the case of evaluation the assessment for "sorting" pupils with special educational needs will inevitably be worse, will receive a "stamp" of losers and have a reduced motivation. Such children are usually forced out of schools. In the inclusive schools evaluation should

meet the following criteria: objective, informative, providing feedback. In other words, evaluation should provide the information about what achievements the child has; any learning difficulties that he is experiencing and what are their causes.

Adaptive teaching: I.E. requires the teacher to own a wide range of strategies and teaching methods. This refers not only to a variety of techniques developed for the mass school, but special methods of teaching children with developmental disabilities as well.

Recognition of the right to inclusive education: I.E. is based on the fact that all the teachers, pupils and their parents recognize the right of the children with special educational needs to study at secondary schools, and the necessary additional resources

S - Support: I.E. requires the support of a team of professionals (psychologists, speech therapists, special teachers, exercise instructors, social workers, doctors, coordinators of a special education), who advise the normal school teachers and teacher assistants. The last is not available in all countries. It is important to have support and help from parents.

Teacher of inclusive schools can be **successful** if:

- he is flexible enough;
- he is interested in the difficulties and he is willing to try different approaches;
- he respects individual differences;
- he can listen to and implement the recommendations of the other team members;
- he feels confident in the presence of another adult in the classroom;
- he agreed to work with other professionals in the same team.

R - Resources: as a rule, all resources are concentrated in special education and are needed by the pupil with special educational needs. They are material resources, trained personnel, logistical and methodological support. It is necessary to redistribute these resources, as it is done in many countries that are based on the principle: "Resources go after the student".

L - Leadership: In order to make all of the components of I.E. work, it is necessary to consider them at all levels: government, regional and local, as well as at the level of schools and teachers of directors. All stakeholders should understand and be able to explain the ideological basis of inclusive education, and their actions demonstrate a commitment to the successful implementation of I.E. School leaders, together with the teachers are responsible for the development of an inclusive culture in their schools.

"This kind of education should be an integral part of an overall educational strategy and, indeed, be the subject of a new socio-economic policy. This requires a major reform of the ordinary school "(2).

In the international documents relating to the issue of inclusive education, they provide not only a clear and specific definition of its essence, but are defined as strategic directions of activity of the states that have decided to implement this idea, as well as more specific recommendations. They are based on the analysis of long-term international experience. It is important that the recommendations are met with leaders of the Republic of Kazakhstan's educational system at various levels, as they determine the implementation of inclusive education policies on the ground.

Returning to the question with which we began our reflections on inclusive education, we can say with some confidence that the I.E. is not a method, not a system, not a pedagogical innovation, but the governmental policies that are aimed at the realization of the human right to education. Inclusive education is seen by the international community as one of the strategies to address the problems of marginalization and social exclusion. The adoption of the idea of inclusive education, as a rule, requires a serious reform of the entire education system in the country.

Literature

1 Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009 г.

2 Саламанкская декларация и Рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями. Париж, ЮНЕСКО, Министерство образования Испании. - 1994.-С.45.

3 Д.Митчелл Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. М. Перспектива, 2011. – С. 37.

4 Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями // Сб.Мат. Респ. Семинара «Проблемы подключения детей со специальными образовательными способностями в общеобразовательный процесс». – Алматы: Раритет, 2002. - С. 16.

Түйін

Бұл мақалада инклюзивті білім беру тұжырымдамасын түсіну қарастырылады. Жалпы білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ескеру өте маңызды болып табылады. Осыған орай оқытушыларды бағалауға, білім беруге көмектесе алатын Доктор Девид Митчеллдің формуласы; сонымен қатар көмек ретінде балаға қажетті ресурстарды қолдану ережесі беріледі.

Резюме

Данная статья рассматривает понимание концепции инклюзивного образования. Очень важно учитывать, как обучать детей с отклонениями в развитии в системе общего образования. В связи с этим в статье дана формула д-ра Дэвида Митчелла, которая может помочь учителям обучать, оценивать; а также даны правила использования ресурсов для детей с ограниченными возможностями.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Ф.Н. ЖУМАБЕКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация

Мақала мазмұнында аталған қағидаттар жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі негізінде білім мазмұнындағы интеграция ұстанымның негізі болуы керек екендігі басшылыққа алынған. Бұл жағдайда өзін-өзі тану пәнін жаратылыстану пәндерімен интеграциялаудағы тәжірибелер, тұлғаның дамуына және рухани-адамгершілік қасиетін анықтауға ықпалының қаншалықты екені назарға алыну қажеттігі нақты айтылған.

Түйін сөздер: өзін-өзі тану, интеграция, таным, тұтас педагогикалық үрдіс.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында: - «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», - деген болатын [1]. Бүгінгі таңда сол елдердегі бар жетістіктер бізде де болуы керек, өйткені жаңа ХХІ ғасыр – бәсеке ғасыры. Осыған орай өзін-өзі тану пәнінің рухани-адамгершілік қасиеті басым тұлға тәрбиелеуде және қоғамды ізгілендіруде барлық адамзат үшін маңыздылығы өте зор.

Бұл пәннің маңыздылығы оны жаратылыстану және гуманитарлық пәндерімен тұтас педагогикалық үдерісті интеграциялау педагогика ғылымының өзекті мәселесі. Тарихи дәуірде өмірдің әр кезеңіне байланысты қоғамның мақсаты мен құндылықтары өзгеріп отырады. Қоғамның тарихи даму тәжірибесі біз қарастырып отырған мәселенің үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерімен байланысты философиялық, қоғамдық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелгенін байқаймыз. Әрбір тарихи кезеңде пәнаралық байланыс өзіне тән сапалық белгілері және сипатымен ерекшеленеді. Кейбір

деректерде интеграциялау ұғымын пәндер арасындағы байланыс немесе пәнаралық байланыс т.б. атаулармен кездестіруге болады [2].

Ал өзін-өзі тану сабақтарын басқа пәндермен интеграциялауда ұстаздардың оқушылармен тұлғалық қарым-қатынасына баса назар аударылады және білім мазмұнының тұтастығы сақталады. Осы үдерісте оқушылар өзінің сезімдері, ойлары мен әрекеттері туралы айтады, оларға талдау жасайды және адамгершілік тұрғыдан баға береді, өзін және басқаларды тыңдауға, оларға ізгілікпен және шығармашылықпен қарым-қатынас жасауға дағдыланады. Ал бұл болса оқушылардың тұлғалық сапасының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Өзін-өзі тану пәнін оқыту үдерісіндегі ұтымдылық көрсететін оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасының ізгіленуіне жетуге негіз болады.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мен мектептегі басқа пәндерді интеграциялаудың дүниетанымдық негізі – қоршаған әлемде тек қана өмір, қозғалыс, даму, тәртіп, үйлесім ретінде көрініс беретін биологиялық немесе әлеуметтік болмыс емес, жоғары рухани болмысқа ие адам мен әлемнің біртұтастығын түсінуден тұрады: адам санасында жалпыадамзаттық құндылықтар түрінде бейнеленеді.

Білім берудің жаңа парадигмасын ұсынған «Өзін-өзі тану» пәні қазіргі кезде ішкі байланысты интеграциялайтын қағидаттың болмауынан мектептегі бір-бірінен ажыратылған барлық пәндердің біртұтас астарын айқындайтын рухани бастаудың маңыздылығын алға тартты.

Осы жағынан алғанда үлкен әдіснамалық маңызы бар жеке пәндердің мазмұны мен олардың арасындағы пәнаралық байланысты анықтайтын, сонымен қатар ғылымның аксиологиялық құрамдастарын айқындайтын диалектикалық әдіс қолдануды қажет ететін ғылыми білімнің біртұтастық қағидатын жүзеге асырудың маңызы зор, ол жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді [3].

«Өзін-өзі тану» пәні мен мектептегі басқа пәндерді интеграциялау үдерісі кезінде мына қағидаттар басшылыққа алынады:

1. Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидаты.
2. Оқыту үдерісінде тұлғаның өзін-өзі айқындау, өзін-өзі дамыту қағидаты.
3. Бірлік қағидаты.
4. Оқушыларды ғылыми-зерттеу шығармашылығына шабыттандыру қағидаты.

5. Әлеуметтік ынтымақтастық немесе қоғамға қызмет ету қағидаты.

6. Жағымды ойлау (позитивтік) қағидаты.

7. Мәдени сәйкестік қағидаты.

8. Табиғи сәйкестік қағидаты.

Аталған қағидаттар жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі негізінде білім мазмұнындағы интеграция ұстанымның негізі болуы керек. Бұл жағдайда материалды іріктеу кезінде оның танымдық мәні ғана емес, тұлғаның дамуына және рухани-адамгершілік қасиетін анықтауға ықпалының қаншалықты екені назарға алынуы тиіс. Егер интеграциялауды дұрыс жолға қояр болсақ, «Өзін-өзі тану» пәні уақыт өте келе тұтастықты, адамшылдықты және руханилықты қамтамасыз ететін білім берудегі өзекті пән, яғни метапәнне айналуы тиіс. Метапән – бұл дәстүрлі түрдегі пәндерден өзгеше пәндер. Олар өзіне пәндік идеяны және пәннен тыс идеяны бір мезгілде біріктіреді. Оның нәтижесі – оқу үдерісінде қолданылатындай, сол сияқты шынайы өмірлік жағдайларда қолданатын оқушылардың барлық оқу пәндерін немесе бірнеше базалық пәндерді меңгерудегі біріккен іс-әрекеттер жиынтығы болып табылады. Ол үшін мектептің білім беру мазмұнын, оқу пәндерінің барлығын дерлік рухани-адамгершілік құндылықтармен интеграциялау қажеттілігі туындайды. Сол кезде оқушылардың пәндік білімін қалыптастыруда адамның ішкі болмысына тән қасиеттері ашылып, өздерінің іс-әрекеттерінде шындық, парыз, тыныштық, сүйіспеншілік, қиянат жасамау сияқты құндылықтар айқын байқалады [3].

Жалпыадамзаттық құндылықтардың рухани мәнін көре білу біртұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін аса маңызды. Егер де мұғалім кез келген жалпыадамзаттық құндылықтың біртұтас мәнін көре алатын болса, онда ол басқа пәндік құндылықтармен де интеграциялай алады. Барлық оқытылатын пәндердегі жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіру маңызды болмақ.

Атап айтар болса физика пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау үшін екі пәннің арасында қандай ұқсастықты көре аламыз деген сұрақ туындайды. Жалпы алғанда екі пән бір-біріне ешқандай байланысы жоқ пәндер сияқты көрінеді. Ал мазмұндық жағынан үніліп қарайтын болсақ, физика физикалық құбылыстарды зерттейтін ғылым болса, өзін-өзі тану адамның өзін-өзі тануы арқылы, өмірдің мәнін түсініп, айналадағылармен қарым-қатынасқа түсуді үйрететін пән болып табылады. Ал өзін-өзі тану мен физика пәнінің интеграциясы балаға адам мен табиғаттың, қоршаған әлемнің, космос пен физикалық құбылыстардың біртұтас егіз

ұғымдар екендігін үйретуге, әлем мен адамды біртұтастықта қабылдауға үйрететін пәндер байланысы болып табылады. Өзін-өзі тану пәнімен физика пәнін интеграцияламас бұрын, 8-сыныпқа арналған физика пәнінен оқытады, оның мазмұны неде деген сұрақтарға жауап берейік [4].

Физика пәні физикалық құбылыстарды оқытудың ең алғашқы баспалдағы десек те болады. Себебі физика пәнінің оқу бағдарламасында астрономиялық ұғымдарға анықтама беріліп, ең алғашқы қоршаған әлем жайлы түсінік қалыптастыра бастайды. Бүкіләлемдік тартылыс күші, диффузия құбылысы, энергия, жылу, заряд секілді т.б. ұғымдарға қарапайым түсініктер береді. Онымен қоса физика пәнінің 8-сыныптағы ерекшеліктері – оқулықтарда физикалық әрекеттер жайлы баяндалғанда, сурет арқылы өмірмен байланыстыра отырып бейнеленген. Мұның себебі: пәнді ең алғаш рет өтіп отырғандықтан, оқушылардың өз өмірімен байланысты ұғымдар олардың санасына жетсін деген мағынада. Зерттеу барысында физика пәнінің оқу бағдарламасымен өзін-өзі тану пәнін интеграциялап оқытудың тиімділігі анықталды. Балада ең алғашқы физикалық құбылыстарға деген теориялық білім интеграцияланған, ізгіленген формада берілетін болса, баланың ең алғашқы физика пәнін қабылдау дәрежесі оң нәтижесін береді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін жалпы білім беретін мектепте байқаудан өткізілген физика мен өзін-өзі тану пәндерінің мазмұнын интеграциялау барысындағы мысалдарды келтірейік.

«*Магнит өрісі*» тақырыбы бойынша: қарапайым балалардың күнде ойнайтын үрмелі шарын қолымызға қолғап киіп, үйкелегеннен соң, кейіннен қолдарымызды алшақтататын болсақ, шар ешқайда ұшып кетпестен қолымызға қайта келіп жабысады. Кез келген затты бір-біріне үйкелеп, сосын алшақтататын болсақ, бәрібір бір-біріне жабысады, яғни тартылады. Сол сияқты рухани жақын адамдар да біріне-бірі ренжіп, көңілі қалып жатса да, уақыт өте келе қайта түсінісіп, сыйластықта бола алады екен. Оны қазақтың мақал-мәтелдерімен түйіндеуге болады: «Өзінді өзің сыйласаң, жат жанынан түңіледі», «Өзің өзекке тепкілесең де кетпейді», «Ырылдассың қаппассың, менен жақсы таппассың» т.б. туыстық қатынастарды магнит өрісінің тартылыс күшімен салыстыра түсіндірудің тиімділігі зор.

«*Толқын*» тақырыбы бойынша: ай мен күннің тартылыс күшінен, желдің әсерінен атмосфералық қысымның ауытқуынан, су асты жер сілкісінен, жанартау атқылауынан пайда болатын теңіздер мен мұхиттардағы сулы ортаның тербелмелі қозғалысы. Адамның мінез-құлқы да осы толқындар іспеттес, мінез-құлық ауыспалы

болмауы үшін жаны тыныш, жүрегі жақсылықты қабылдайтындай рухани деңгейде болу керек. Жел қатты көтерілгенде толқын соғұрлым биік болатыны сияқты адамның көңіл-күйіне, мінез-құлқына сыртқы әсерлер, отбасындағы тәрбие, жүрген ортасы, айналадағы алуан түрлі іс-әрекеттер де ықпал етуі мүмкін. Сондықтан оған: «ашу қысса – ақылың ғайып болады», «Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады», «мінез – жанның айнасы», «ашу дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деп кеңес берсеңіз әркім де ойланар еді [4].

Сондай-ақ, Әбу Нәсір әл-Фараби: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады. Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады» - деп айтқан ғұламаның ұлағатты ой түйіндерімен қорытындалуға болады [5].

Енді химия пәні мен өзін-өзі тану пәнінің интеграциялауға бірнеше мысалдар келтіріп өтейік.

Химия пәні мен өзін-өзі тану пәнін интеграциялауда мәселен металдардың қасиеттерін айтып отырып, оның адамның мінез-құлқымен байланысы жайлы, мысалы, «сабыр түбі сары алтын – сабырлының бәрі алтын» дей келе, жақсы мінезді адам болуға оқушыларды баулу, судың қасиетін, адам өміріндегі маңызын, судың ақпаратты тасымалдағыш қасиеті, яғни, жағымды ойдың, сөздің судың құрамына қалай әсер ететіні, оның адамға әсері туралы ғылыми деректерді айтуға болады. Мысалы, химия пәні мұғалімдері оқушыларға мәселелер туралы және ондағы адамның рөлі жайында шығармашылық жұмыстар көбірек беруге болады.

«Химиялық реакция» тақырыбы бойынша: химиялық реакция деп уақыт бірлігінде әрекеттесетін заттардың немесе реакция өнімдерінің бірінің концентрациясының өзгеруін айтады. Бұл кезде реакцияға қатысатын заттардың қайсысын қарастырса да бәрібір: олардың барлығы өзара реакция теңдеуімен байланысқан, сондықтан олардың біреуінің концентрациясының өзгеруі бойынша қалған кез келгенінің концентрациясының өзгеруі туралы мысал келтіруімізге болады. Мұндай теорияны тұлғалар арасындағы қарым-қатынастармен байланыстыруға болады. Яғни, қарым-қатынасқа түскен тұлғалар бір-біріне немесе жеке тұлға айналасындағылармен қандай қарым-қатынас жасаса, сәйкесінше сондай жауап алады, сонымен қатар оларда жылулық, ізгілік,

жақсылық жасау секілді қасиеттері дами бастайды. Сондай-ақ олар мұндай қатынаспен өзгелерге де сабақ бола алатынын атап өтуге болады [6].

«Химиялық элементтер» тақырыбы бойынша: *химиялық элементтер* – ядроғағы зарядтары бірдей болып келетін атомдар тобы. Табиғатта кездесетін барлық жай және күрделі заттар химиялық элементтерден түзіледі. Менделеев кестесіндегі химиялық элементтердің әрбірі өзіндік ерекшеліктерімен және өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда Менделеев кестесі 118 химиялық элементке толықты. Сол секілді әлемде қаншама миллиард адам бар. Оның әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын өзіндік ерекше қасиеттері бар. Яғни, жер бетінде қанша халық болса, оның әрқайсысы қайталанбас ерекше тұлға, өзіне тән қасиеттері мен қабілеттері бар. Сол қабілеттерінің көзін ашып, әр адам өмірден өз орнын таба білуге әрекеттенуі шарт.

Мақалада 12 жылдық мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының түрлері сипатталады. Педагогикалық тұрғыдан мектеп тәрбие жұмысының формасын құрастыру, оқушылардың тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, оқушыны білімдендіру және тәрбие жұмыстарын жүргізу мәселелері қарастырылады. Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарына да аса көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: 12 жылдық оқу, тәрбие жұмысы, тәрбие жұмысының шарасы, тәрбие ісі, тәрбие формасы.

«Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесін дамытудың негізгі міндеттерінде белгіленген білім беру парадигмасын өзгерту, ең алдымен 12 жылдық оқыту моделіне көшуді қарастырады. Орта білімнің мақсаты «Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық игіліктері үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту» болатын болса, оқыту-тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру мазмұнына оқушылардың әлеументтенуі және олардың денсаулығын сақтау міндеттері де кіреді [1].

Ғылыми зерттеулердің тұжырымдамасына сүйенсек, тәрбие мазмұнын құрастыратын табиғат, қоғам, адамзат туралы теориялық деректерді білу, сондай-ақ қоғамдық тәжірибелер мен құндылықтарды және оның мұрат-мақсаттары мен деңгейін ұғынумен қатар тұлғаның білім, білігі, қабілетінің дамуы, мінез-құлқының қалыптасуы деген тұрғыдан қарайды. Осы орайдан

келгенде тәрбие саласындағы жаңа тұжырымдама тәрбиенің мазмұнын уақыт талабына үйлестіріп құруды талап етіп отыр. Қазіргі егемендік алған еліміздегі тәрбиенің мақсаты, оның мазмұнына үйлесімді тұлғаның мәдени болмысын қалыптастырып, дербестігін дамытуға лайық болуына негізделген. Дәлірек айтқанда, мәдени болмыстың қамтитын аймақтық деңгейі зор, тұлғаның өзін-өзі айқындауы, әлеуметтік экономикалық, саяси дамуы, адамгершілік, имандылықтың жетілуі, экологиялық заңдылықтарды сақтап, көркемдік танымын зорайтып денсаулығын нығайту және адамдармен қарым-қатынасын жақсартта беру мәселелерін қамтиды. Адамның өзін-өзі тәрбиелей білуі тұлғаның жауапкершілігін арттырудағы басты шарттардың бірі болғандықтан тиісті мәселеге байланысты оқушының дұрыс шешім қабылдап, өмірдегі өз орнын табуға саналы қарап, уақытқа үйлесімді шешім шығара білуі тәрбие талаптарының мазмұндылығымен іштесіп жатқан құбылыс екені әркімге аян болуға тиіс.

XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жалпы және орта 12 жылдық білім беру жүйесінің енгізілуі уақыт талабы болып отыр. Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді. Мектептердегі нақты міндеттердің бірі білім беру кезеңінде балалардың физиологиялық, психологиялық деңгейінің дамуын, олардың әрі қарай білім алуы, күрделі білімді жеткілікті қабылдауы, әр салада болсын біліктерін жетілдіру негізінде, еліміздегі үздіксіз білім беру саласының 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуі ғылым, білім саласында үлкен жаңалық болып табылады [2]. Әрине, оқушыны білімдендіру мен тәрбие ісін жүзеге асыру әдістемелері бір сәтте немесе бір жылда жасала салмайды. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып түрлі тәжірибелерден сұрыпталып, оның қорлануы барысында жүзеге асады. Осы орайда, кеңестік кезеңдегі тәрбие мазмұнындағы теориялық және ұйымдастырушылық жолдардың бүгінгі өмірге үйлесімді жақтарын жетілдіре отырып, шәкірттердің мәдени танымын қалыптастыру бағдарламаларын жетілдіру күн тәртібінен түспейтін мәселе. Өйткені, оқушыға берілетін тәрбиенің мазмұндылығы классикалық педагогика құндылықтарын және оның ұзақ жылдар бойына өмір сараптауынан өткен формаларын ретті және уақытпен үйлестіре пайдалана білу бұл саладағы іс-әрекеттің табысты болуына кепілдік беруімен қатар, тәрбие мазмұнының өміршең болуына жол ашады.

Тәрбие оқу процесі секілді нақты қалыптасқан мақсатты, жүйелі процесс. Егерде тәрбие жүйесінің формасы жайында әңгіме

қозғасақ, қазіргі педагогика практикасында бірнеше ұғым қалыптасқан: «тәрбие жұмысының формасы», «тәрбие шаралары», «тәрбие ісі» т.б. соған орай «Педагогикалық энциклопедия» сөздігінде «форма» ұғымына қатысты бірнеше түсініктеме берілген:

1. заттың нұсқасы, сыртқы көрінісі, сыртқы кескіні.
2. белгілі бір мазмұнның сыртқы көрінісі;
3. бір нәрсенің белгіленген үлгісі;
4. бір нәрсеге белгілі бір көрініс беруге бейімделу.

Педагогикалық тұрғыдан қарастырсақ, тәрбие жұмысының формасы деп – тәрбие процесінің мазмұнында өмір сүретін және көрініс беретін ұйымдастыру тәсілі. Онда белгілі бір құндылық ретінде құқықтық, азаматтық, саяси, эстетикалық, адамгершілік, пәнге, құбылысқа, оқиғаға, адамдарға және олардың қарым-қатынастары ашық жарияланады.

«Тәрбие жұмысының формасы» оқушылардың нақты тәрбие әрекетін ұйымдастыру нұсқасын, олардың үлкендермен өзара әрекеттестігін, нақтылы істің композициялық құрылымын, оның мазмұнын, әдістемесін, өткізу технологиясын, педагогикалық талдауын анықтайды.

«Тәрбие шарасы» топтық әрекет ретінде ұйымдастырылған тәрбие жұмысының жеке бір актісі ретінде ұйымдастырылады.

«Тәрбие ісі» ұжымдық шығармашылық әрекеттің әдістемесінде шығармашылық әрекеттің субъектісі тұрғысынан қарастырылады.

Тәрбие жұмысының формасында оның мазмұны жүзеге асады. Сондықтан сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұны оқушылардың теориялық білімін кеңейте, молықтыра түсуге лайықталып, оқушылардың жеке қабілетін дамытарлықтай болғаны жөн. Ондағы материалдың мазмұндылығы, идеялық және әдістемелік сапасы мұғалімнің шеберлігіне, ұйымдастру тәсіліне байланысты.

Баланы мектепке педагогикалық-психологиялық тұрғыда даярлау процесінің маңызы – оның оқушы позициясына жылдам әрі оңай бейімделіп, психикалық дамуы сапалы өзгерістермен толығып, жеке тұлға ретінде мазмұнды қалыптасуына негіз болатындығымен анықталады. Баланы мектепке психологиялық тұрғыда даярлау мәселесін ең алғаш көтерген белгілі дидакт К.Д.Ушинский болды: «Мектептік оқуға дайын бала – оқығысы келу тілегі мен іскерлігімен, ұзақ уақыт бойы зейінін шоғырландыра алу қабілетімен, дағдыланбаған жағдайда баяу меңгерілетін нәрселерді жылдам игеретіндігімен сипатталады». Бұл – мектепке барар баланың психологиялық даярлық сапасын дөп басып көрсете

алуымен ерекшеленеді. Мәселен, осы күнгі мектепке даярлық мазмұнын құрайтын мотивтік даярлықты «оқығысы келу тілегі»; танымдық даярлықты «зейінін шоғырландыру», «материалды игеру» ұғымдары арқылы белгіленген [3].

Мектепке даярлық мәселесін, мектеп талабынан бөліп қарастыра отырып, А.Н.Леонтьев, мектептегі оқудың баланың есіне, қабылдауына және тілінің дамуына, яғни психикасының даму деңгейіне талап қоятындығын атап көрсетеді. Осы тұжырым негізінде бала психикасын тануға арналған зерттеулер жарық көре бастайды: З.М. Истомина – ырықты ес процесінің дамуы, А.В. Запорожец – ерікті қозғалыс процесінің дамуы, З.Б. Мануйленко – ырықты мінез-кұлық дамуы. Осы зерттеулер негізінде жатқан теориялық ой, яғни психикалық әрекеттің ырықты процестері үнемі әрекет ретінде қалыптасатындығы ендігі жерде баланың психикалық дамуын зерттеуде түбірлі мәнге айналды [4].

Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында оқушылардың практикалық әрекеттері теориялық аспектіге қарағанда басымдылық жағдайда болғандықтан, оның мазмұнын айқындауда баланың әлеуметтік тәжірибені меңгеруіндегі әрекеттің маңызына ерекше мән берген жөн. Оның бірнеше түрі бар: танымдық, көңіл көтерушілік, спорттық-сауықтыру, еңбек, шығармашылық.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының танымдық әрекеті баланың танымдық қызығушылығын, оқуға жағымды уәждемесін тудыру, оқу дағдысын жетілдіруді көздейді. Ол оқу әрекетінің жалғасы ретінде тек басқадай формада қолданылады. Мысалы: «Не? Қашан? Қайда?» - викторина ойыны немесе көрмелерге саяхат т.с.с.

Көңіл көтеру әрекеті. Ол балалардың құнды демалысын ұйымдастыру, жағымды эмоция тудыру жолдастық-ынтымақтастық жағдай орнату, жүйке шиеленісін болдырмау үшін нәтижелі. Дегенмен де сабақтан тыс тәрбие жұмысының танымдық және көңіл көтерушілік әрекеттері өзара жиі байланыста болады.

Спорттық сауықтыру әрекеті. Балалар үшін сабақтан тыс тәрбие жұмысының осындай әрекеті олардың толыққанды денсаулығы мен дене бітімінің үйлесімді дамуы үшін қажет. Спорттық сауықтыру әрекеті табиғатқа саяхат жасау спорттық жылжымалы ойындар, спартакиада, туризм, жорықтар арқылы жүзеге асады.

Еңбек әрекеті. Ол еңбектің әртүрі арқылы көрініс береді: тұрмыстық, қол еңбегі қоғамдық пайдалы, өзіне-өзі қызмет көрсету. Әрекеттің бұл түрі мұғалімдер үшін біршама қиындықтар туғызады. Дегенмен де оның күш-қайрат жұмсауы оқушылардың әртүрлі жүйелі әрекетін ұйымдастырудағы тәрбие жұмысының нәтижесіне

бағытталады. Нәтижесінде, балада еңбек ету қажеттілігін және өзін танып білуге деген құштарлығын қалыптастырады. Еңбек әрекеті көбінесе сыныпта кезекшілік ету, оның тазалығын сақтау, мектеп шеберханасында жұмыс істеу, сенбіліктерге қатысу, сыныптың немесе мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына қатысу, сабақтар жүйесінде көрнекі құралдарын жасау, шефтік жұмыстарын басқару барысында атқарылады.

Шығармашылық әрекеті оқушылардың бейімін қызығушылығын дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Шығармашылық әрекеті концерттік қойылым, көркемөнерпаздар байқауы, көркем сөз оқу, қолөнер шеберлері және сурет көрмесінің байқауын ұйымдастыру формасында көрініс береді. Осындай әрекет барысында оқушылардың адамгершілік, әсерленушілік, және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері атқарылады.

Адамгершілік сала адамгершілік түсінікті және мінез-құлық нормасын меңгеруде әңгіме, пікірталас, ойын т.б. формалары арқылы қалыптасады.

Тәрбие жұмысының әртүрлі формасын дайындау және өткізу барысында оның белгілі бір үлгісі жасалады. Ол тәрбие процесін сауатты және тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Оның элементтері мынадай болып келеді:

Мақсаты мен міндетін анықтау. *Мақсат* – педагогтардың ұйымдастыруымен арнайы белгіленген істің нәтижесінің болжамы. Мысалы: «жаңа жыл балмаскарады», «қайырымдылық акциясы», «ғылыми апталық» т.с.с.

Тәрбие жұмысының формасын таңдау, шараның тақырыбын анықтау. Мысалы: пресс-конференция, оқырмандар конференциясы, тақырыптық сағат, демалыс кеші т.с.с.

Алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізу: шараның мазмұнын, құралдарын анықтау, қонақтарды шақыру, тапсырмаларды бөлу, безендіру жұмыстары, хабарландыру, жоспарын құру, оқушыларды психологиялық тұрғыдан даярлау.

Тәрбие шарасын өткізу, оның кезеңдері:

- шараның басталуы, психологиялық көңіл күйді орнықтыру: әдеби-музыкалық, поэзиялық, драмалық безендіру, күйтабақ немесе үнтаспа ойнату.

- ұйымдастыру кезеңі: ұйымдастырушының сөзі, шараны ашу, мақсатын, барысын баяндау.

- негізгі бөлім: шараның міндеттері, жоспарына сай мазмұнының баяндалуы, оқушылардың шығармашылық әрекеттері.

- қорытынды бөлім: шараны қорытындылау, оқушылардың алған әсерін талқылау, шешім қабылдау, марапаттау тапсырма беру т.с.с.

5. Педагогикалық талдау жұмысы: шараның өту нәтижесін және оқушылардың белсенділігін бағалау, алдағы уақытқа бағдар құру, қолданылған тәрбие құралдары, амал-тәсілдердің нәтижелілігіне талдау жүргізу.

Адамгершілік борыш идеясы – бүкіл тәрбие процесінің саналы, негізгі өзегі болуын назардан үнемі тыс қалдырмау керек. Олай болса адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – жақсылық атаулыға деген сезімді дамыту, өзгеге болмайтын жамандық атаулыға жол бермеу деген сөз. Әрбір адам адамгершілік ұстанымдарды бұзу – жамандықтың басталатын межесінен аттау екенін сезінуі тиіс.

Адамгершілік – қоғамдық өмірдің жемісі. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып, жаңа мазмұн алып отырады. Бізге мәлім, бұрынғы өткен әлеуметтік, экономикалық формацияларда адамгершіліктің мақсат-міндеттері, мазмұны бірдей болмаған. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамгершілік тәрбиесі сол қоғамның мақсатына сай қарапайым түрде болса, ол өзінен кейінгі өткен құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік қоғамдарда таптық сипаттарда болады.

Таптық қоғамда әр дәуірдегі үстем таптар шығарған өз моралы, өз мінез-құлық ережелерінің тізбесі болды. Бір мінез-құлық ережелері – қанаушы тап адамдарына арналса, екіншісі – қаналушы тап адамдарына арналады. Тіпті буржуазия елдерінің мектептерінде бұл ережелер ерекше сабақ ретінде оқытылған. Соған сәйкес құл иеленуші қоғамында құлдардан тіл алғыштық пен бойсұнушылықты талап етті. Құлдардың жалпы мінез-құлқына деген ережелерін дін белгіледі. Діни моральдың бұл кодексі құдайдың халыққа жіберген өсиеті ретінде уағыздалды.

Мінез-құлықтағы мұндай ерекшелік феодалистік, капиталистік қоғамда сақталып қалды. Ол үстем таптар арқылы насихатталып отырды. Себебі, мұндай ерекшелік олардың еңбекші қауымды құлдық психологиядан шығармай ұстауына тиімді болды.

Таптық қоғамның жанашырлары, соның ішіндегі идеалистік сипаттағы психология «адамда туа біткен адамгершілік» туралы бірқатар теорияларды дамытты. Идеалистік бағыттағы бұл теориялар діни және буржуазиялық кодекстермен, ескіден мұра болып қалған, қолданылып жүрген тұрмыстық әдеттермен қабысып, ұштасып, үйлесіп отырды.

12 жылдық мектептің мектепалды даярлану қызметі мыналар: балалардың тән сұлулығы мен психикалық саулығын сақтау әрі нығайту; балалардың интеллектуал және тұлға ретіндегі дамуын қамтамасыз ету, олардың эмоционалдық салауаттылығы жөнінде қамқорлық; баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау. Жалпы мектепалды даярлықты дұрыс бағытта, сапалы жүргізуде мектеп, балабақша және отбасына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Отбасы баланы мектепалды даярлауды дербес, мектепке дейінгі ұйыммен немесе мектеппен бірлесіп ұйымдастыруды таңдауға хақылы. Отбасы мүшелері және т.б. тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген білімді дағдылар мен қарым-қатынастарды баланың меңгеруін, сондай-ақ, күш жігері мен психологиялық жағынан мектеп бағдарламасын игеруін қамтамасыз етуге міндетті. Яғни, отбасының балаға деген үлкен қамқорлығы мен жауапкершілігі негізінде оңды нәтижеге жететіні сөзсіз. Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының мұғалімдері мен тәрбиешілері жан-жақты, жарасымды тәрбие мен сапалы да, саналы білім беру жолында жаңа жобалар мен технологияларды қолдана алу, олардың тиімділігі мен қажеттілігін қарастыру, тәжірибеде қолданыс табу жұмыстарын жоспарлауы қажет. Сонымен қатар бұл жүйенің жүзеге асыруда мұғалімдер мен тәрбиешілерді даярлау ісіне ерекше көңіл бөліп, қолға алу қажеттілігі, яғни мектеп басқару органдарының педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігіне, педагогтік техникасымен педагогикалық қабілетінің дамуына ерекше көңіл бөліп, дамытуы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру мен тәжірибелерін жетілдіру мәселесінің өзекті етіп қою.

Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы елдердің барлығы жалпы білім берудегі жаңа жүйені ұсына отырып, соның ішінде көпжылдық білім беру бүгінгі күннің айқын талабы екені көрінуде. Демек, 12 жылдық жалпы білім беру жеке тұлғаны қалыптастырудағы жаңа жүйесімен білім мен тәрбиенің ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеп, оны ұтымды түрде білім беруге енгізу көкейкесті мәселеге айналып отыр. Осы қарама-қайшылықты шешу барысында мынадай мәселелер туындайды: ол 12 жылдық білім беру жүйесіне көшудің халық сананы, мемлекет экономикасына зиянсыз, зардапсыз, қиындықсыз енгізілуі және бұны жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдері мен жолдарын табу болып табылады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 «ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы». – А., 2010.
- 2 Әбдікәрімұлы Б., Айқынбаева Г.Қ. 12 жылдық мектепке өту мәселесінің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері. Ғылыми басылым. – Астана: ЕАГИ, 2008. – 3 б.
- 3 Запорожец А.В. Развитие произвольных движений. – Москва, - 1969.
- 4 Рысбекова Ж. Педагогические проблемы подготовки детей 6-7 лет к обучению в школе. Автореферат дис. – Алма-Ата, 1997.
- 5 12 жылдық мектепке өту мәселесінің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері: Ғылыми басылым. – Астана, ЕАГИ, 2008. – 4 б.

Резюме

В статье рассматриваются педагогические проблемы подготовки учителей к 12 летнему обучению в школе, формы воспитательной работы, организации воспитательных работ и виды воспитательного процесса.

Resume

This article provides the types of upbringing in the 12 - year education at school and suggests some solutions in teaching and upbringing children. The authors of the article consider the pedagogical problems of training teachers for the 12-year training at school, the forms of the educational work, organization and types of the educational process.

ӘОЖ 159.922.767

**БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ТӘРБИЕШІЛЕР МЕН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ӨЗАРА
ӘРЕКЕТТЕСТІГІ**

Ж.И. ПАХРУТДИНОВА

аға оқытушы,
Еуразия гуманитарлық институты

Аннотация

мақалада балалар психологиясының қазіргі таңдағы дамуының психологиялық жағдайы берілген. Сонымен қатар, балалар үйіндегі жасөспірімдердің эмоционалды-еріктік ерекшеліктері және балалар үйіндегі тәрбиешілер мен қызметкерлердің эмоционалды өзара әрекеттестігі мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: бала психологиясы, жетімдер, эмоция және эмоционалды қатынастар, жағымды эмоция, жағымсыз эмоция.

Қазіргі таңда психология ғылымында балалық шаққа қатынастың қалыптасуындағы баланың дамуы әлеуметтік-эмоционалды және когнитивтік негізге сүйенеді. Яғни, бұл жағдайдың туындауы эмоция мен эмоционалды қатынастардың ерте пайда болуымен тығыз байланысты. Қажеттіліктің негізінде жатқан эмоционалды байланысты құрайтын балада туылғаннан белгілі бір биологиялық механизмдер болады. Осыдан кейбір мінез-құлықтың формасы қалыптасады. Бұл формалар мінездің бейімділігін көрсетеді.

Алғашқы саты бойынша, ана мен баланың өзара байланысы коммуникацияның негізгі амалының бірі эмоциямен алмасу болып табылады. Эмоцияның адам бет-жүзінде көрінуі бұл сыртқы әлеммен қарым-қатынасқа түсуге болатын белгісі болып табылады. Әдетте баладағы эмоционалды байланыстың қалыптасу мағынасы ретінде бірінші объект болып, үнемі қатысуда болатын ана деп түсіндіріледі [1, 52-53 б.].

Алайда қазіргі кезде, әртүрлі себептерге байланысты балалар үйінің көпшілігінде балалар саны артуда. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциясы ересектермен қарым-қатынасқа және олармен байланысқа түскенде пайда болады. Яғни, балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциялық сезімін тудыру олардың ересектермен, тәрбиешілермен, сол мекеменің байланысында көрінеді. Бала эмоциясының қалыптасып дамуы қоршаған ортаның атмосфералық климатына байланысты, сонымен қатар тәрбиешілердің балаға деген қатынасының бауырмашылығына байланысты болып келеді. Баланың эмоциясының дамуына тәрбиеші тікелей әсер етіп отырады. Сондықтан баланың жалпы психологиялық және физиологиялық дамуына тәрбиешілердің тигізер ықпалы зор. Демек, баланың ішкі сезімін ашуға себепші болатын ол – тәрбиеші деп білеміз.

Адамдардың бір-бірімен өзара байланыс процесінде серіктестің эмоционалдық жағдайының қалай қабылданатыны өте маңызды. Әсіресе, бұл аспектінің маңыздылығы ересек пен бала арасындағы байланыстың өзара әсер ету процесінің туындауын қажет етеді. Барлығымызға мәлім жағдай ол баланың эмоциясының дамуы қоршаған ортасына байланысты болып келеді, яғни баланың анамен немесе ересекпен байланысы. Ананың қабілеттігі баланың танымдық белсенділігіне ықпал етуі болып табылады. Яғни, анасымен қарым-қатынаста бала анасында туындаған эмоцияны өзінде бейнелейді. Қандай да бір ситуацияның туындауы эмоцияның туындауына себеп болады. Сол арқылы бала мен ана арасындағы туындайтын эмоция ситуацияны шешу барысында көрінеді [2, 89 б.]. Ситуацияны шешу барысында ананың жауапкершілігін біле отыра бала өзін қауіпсіз сезінеді. Қайғы және өкіну эмоциясы ата-ана және ересектер үшін көмекті қажет етеді. Эмоционалды бұзылысы бар балалармен көп жылдық психотерапиялық жұмыс әртүрлі этап арқылы өткізіледі. Динамиканың бағыты бала дамуының шартының өзгерісіне байланысты болып келеді. Яғни, мұндай жағдайлар диагностикалық және психотерапиялық жұмыстарда балалық шақтан жасөспірімдік шаққа дейінгі аралықта жүргізіледі.

Жағымды эмоцияны тудыратын, бала өзін толық қауіпсіз сезінетін ситуация:

- ересек адамның балаға деген жылы лебізін білдіруі, амандасуы;
- ересек адамның балаға жеке көңіл аударуы, онымен бірге ойнауы оған бір нәрсені үйрету немесе көмектесу;

балада жағымсыз эмоцияның туындау ситуациясы:

- қорқыныш-үрей, қайғы, агрессия үстіндегі балаға көңіл аудармай ересектің кетіп қалуы;

- ересек балаға зейін аудармай басқаға зейінін аудару (қызғаныштың, қайғы, өкпе ызаның балада басым болуы);

- баланы жұбатудың, физикалық қатынастың жоюылуы, сыртқы үрейге көмексіздік;

- ересектің балаға қойған тыйымы, қиын тапсырма беруі баланың агрессиясы мен қайғысын көмексіздік сезімнің туындауына әкеп соқтырады.

Ересектер мен бала қарым-қатынасында жағымды және жағымсыз эмоцияны тудырып отырады. Ересектің балаға қалай қарауы немесе оның қатынасы жауап ретінде балаға сол эмоцияны тудырады. Балалар үйіндегі тәрбиешілердің эмоцияналды депрессиясына қарағанда ана эмоцияналды депрессиясының деңгейі жоғары. Көп балалар балалар үйіне түскенде әртүрлі себептермен келді. Бірі, әке–шешесінің қайтыс болуымен, бірі әке-шешесінің хабар-ошарсыз кетумен түскен болатын, сонымен қатар олар әртүрлі күйдегі эмоцияларын тудырып отырады [3, 76.]. Ал туылысынан бұл мекемеге өткізілген балалар төрт бөлікті мекемеде аз уақытта ғана тұратын болғандықтан, бір ортаға толық бейімделмес бұрын екінші ортаға бейімделіп кетеді. Сондықтан да олардың психикалық және жан дүниесінің түсінігінің дамуы бойынша ешкімге сенбеу керек деген пікірді көрсетеді. Олардың ойынша, тағы да басқа жаққа алып кетеді деген сенімсіздіктің арқасында адамдармен терең қарым-қатынаста болуды қаламайды.

Пайданылған әдебиеттер

1 Макашқұлова Г. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің психикалық ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі. - 2005. - 11-12. - Б. 52-53

2 Мухамедрахимов Р.Ж. Мать и младенец: психологическое взаимодействие. – СПб., 2003. – 89 с.

3 Прихожан А.М, Толстых Н.Н. Дети без семьи. – М.; Педагогика, 1990. – 74 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы эмоциональной взаимосвязи и эмоционального взаимодействия друг на друга детей-сирот и воспитателей детских домов; влияние воспитателей на эмоциональную сферу детей; психологические проблемы эмоциональных нарушений у детей-сирот и пути их разрешения.

Resume

This article deals with the emotional relationships and emotional interaction of the orphans and caregivers of children's homes; the impact of teachers on the emotional sphere of children; psychological problems of emotional disturbances in children-orphans and ways of solving them.

УДК 94(574)

**ИСТОРИЯ, ЯЗЫК, КУЛЬТУРА ГАГАУЗОВ В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Н.Г. ШАЙМЕРДИНОВА

доктор филологических наук,
профессор кафедры тюркологии,
Евразийский национальный университет
им.Л. Н.Гумилева

Аннотация

Статья посвящена гагаузам, проживающим в Республике Казахстан – рассматриваются истоки этногенеза народа, причины миграции гагаузов в Казахстан, места локального проживания, численность и вероисповедание их; раскрывается влияние тюркских (в т.ч. турецкое), славянских народов на язык, культуру, жизнь гагаузов; исследуются системные особенности гагаузского языка, владение ими родного и других языков, в т.ч. казахского; отмечается знание гагаузами своих обрядов, обычаев, устного народного творчества; иллюстрируется текст стихотворения молодого поэта-гагауза, проживающего в настоящее время в Республике Казахстан.

Ключевые слова: гагаузы, история, миграция, Казахстан, проживание, численность, религия, язык, системные особенности, обычаи и обряды, творчество.

Изучение истории, этногенеза, культуры, языка гагаузов стало объектом изучения российских востоковедов с середины XIX в. В.В. Радлова, П.И. Кеппена, Н.К. Дмитриева, Н.С. Державина, Л.Б. Берга, болгарских ученых К. Ирчека, Г. Занетова, Л. Милетича, Д. Гаджанова, польского востоковеда Т. Ковальского. В Республике Казахстан язык компактно проживающих гагаузов изучал известный тюрколог А.С.Аманжолов. В рамках международного проекта «Взаимодействие истории, культуры, языка тюркских народов в постсоветском Казахстане» обучающиеся и ППС кафедры тюркологии,

проведя анкетные опросы, исследовали историю переселения гагаузов в Казахстан, а также язык, культуру и их адаптацию в условиях Казахстана.

Этногенез гагаузов исторически, возможно, восходит к кимако-кыпчакским государствам XI-XIV вв., сыгравшим свою историческую роль в развитии и формировании государств тюркских народов. Описывая этнический состав Деш-кыпчакского государства в предмонгольскую эпоху, историки отмечают, что наряду с довольно древними племенами, входившими ещё в состав кимацкого союза племен (йемек) или существовавших самостоятельно, таких как (баджна-печенеги, башкиры, *уз-гузы*, манкуроглы), встречаются и новые этнические племена [1, с. 267].

По арабским источникам в XIV в., кыпчакская конфедерация представляла собой конгломерат тюркских народов - крупных и мелких. К крупным относились «баргу, токсоба, итоба, барат, альарас, к мелким - таг, башкурт, куманку, бузанку, баджна, караборикли, *уз*, шортан» [цитируется по Ахинжанову, 1, с. 267].

Из вышеизложенного следует, что в кимацкой конфедерации и позже образовавшем на базе его кыпчакском государстве могли быть предки гагаузов (*уз-гузы*, *узы*).

Один из исследователей этногенеза гагаузов В.А. Мошков считает, что гагаузы являются потомками узов или торков, уже в XI - XII веках принявших православие от русского народа вместе с остатками печенегов, берендеев и других тюркских племен, известных в русских летописях под именем «черных клобуков», вероятно, за черные шапки, которые они носили [2, с. 12].

Энциклопедические источники подтверждают наши предположения, отмечая, что гагаузы в большинстве являются потомками средневековых тюрков, в частности, узов или торков, воспринявшие элементы славянской (болгарской) культуры [3, с.624].

Впоследствии передвижения тюркских (кыпчакских) племен на запад в бассейн реки Дуная гагаузы осели в Болгарии, Румынии. Неблагоприятные политические, социальные, экономические условия, созданные Османской империей на территории некоторой части Восточной Европы, вынудили большую часть гагаузов в XVIII -XIX в. переселиться из северо-восточной Болгарии на территорию современной Молдавии (особенно после русско-турецкой войны 1828-1829 гг.).

Постепенно поселения гагаузов продвигались в южные районы Украины, Крым, на Кавказ. После столыпинской реформы в 1908 - 1914гг. часть колонистов гагаузов была поселена царским правительством в Казахстане. По Всесоюзной переписи 1926 г. на

территории Казахстана было зарегистрировано 830 гагаузов [4, с.81]. По переписи 1970 года в Советском Союзе (включая Казахстан - *ремарка наша*) проживало 157тыс. гагаузов, за рубежом - 5 тыс. человек [3, с.624].

По мнению А.С. Аманжолова, к шестидесятым годам XX в. на территории Казахстана гагаузы проживают группами по несколько десятков человек в основном в Семипалатинской области (в селах Кокпекты, Романовка, Прохладное, Ивановка, Буконь Кокпектинского района, в селе Георгиевка Жарминского района, в Чарском, Аксуатском, Аягузском, Урджарском районах), а также местами и в Актюбинской, Целиноградской, Кустанайской и Павлодарской областях. Отдельные гагаузские семьи живут и в других областях Казахстана, а также в Ташкентской области Узбекистана [5, с.219].

Как показывают анкетные данные указанного Международного проекта, в суверенном Казахстане в настоящее время гагаузы проживают также и в городах Алматы, Астана, Павлодар, Туркестан, Акмолинской и Североказахстанской областях. Причиной миграции в республику оказываются либо личные обстоятельства (создание семьи), либо трудовая деятельность в Республике Казахстан. По данным последней переписи населения 2009 года в Республике Казахстан проживает 493 гагауза [6].

В отличие от многих тюркских народов по вероисповеданию гагаузы - православные, в домах держат иконы. Тем не менее отмечается влияние ислама, гагаузы празднуют Курбан байрам, Ораза байрам. Так, участница социологического опроса Кристина Тоймалы (г. Астана, 22 года) пишет в анкете, что по вероисповеданию - христианка: «если Пасха, печем куличи и идем в церковь. Если праздник Курбан байрам, готовим национальные казахские блюда». Кроме того, некоторые гагаузы, проживающие в Республике, исповедуют ислам. *«Хожу в медресе, молюсь, выполняю все обряды во время Курбана байрама»*, - отмечают респонденты Юрий, Али, Степан [www.tuyrki.weebly.com].

Как показали наши исследования, в графе национальность по документам записаны как гагаузы, кроме тех гагаузов, которые мигрировали из Молдовии недавно, где национальность в паспорте не указывается. И по самостоятельному этническому самоопределению 90 % из опрошенных считают себя также гагаузами или называют себя гаджалами, Этнический состав гагаузов претерпел влияние, с одной стороны, славянских народов – болгаров, поляков, русских (некоторые гагаузы определяют себя как

болгары); с другой стороны, по языку, в историко-этнокультурном аспекте они близки с тюркскими народами, и особенно с турками. Указанные процессы ассимиляции отразились в культуре, в семейно-брачных отношениях, в антропонимах. Поэтому фамилии у них либо славянские, либо болгарские, либо тюрко-славянские, либо тюркские (*Томайлы, Доланчы, Пулукчу, Добрев, Радышев, Карагяуров, Узунов и т.д.*), либо имя может быть славянским, а фамилия тюркским, например, *Vitali Demiroglu*, либо имена славянские (русские), а фамилии болгарские (*Ратмир Манов, Степан Манов, Кристина Тоймалы*) [www.tmk.kz]. Создавая семьи с представителями своего этноса, в то же время гагаузы могут жениться или выходить замуж за русских, украинцев, болгар, татар, турков, т.е. много смешанных семей, что также подтверждает активность ассимиляционного процесса.

Большое влияние на социальную, этнокультурную жизнь гагаузов оказали турки, особенно во время завоеваний ими балканских народов – болгар, гагаузов, македонцев и др. Как отмечают исследователи, многие гагаузы забыли болгарский язык, в силу того, что турки запрещали на нем говорить. И наоборот, гагаузы должны были владеть турецким: по анкетным данным и современные гагаузы неплохо владеют турецким языком. Сами гагаузы считают, что и этноним гагауз является производным, данным турками. К вышесказанному А.С. Аманжолов приводит иллюстрации из беседы с гагаузами, жителями Семипалатинской области Казахстана. Итак, народная этимология гласит: а) *гаганы тут уз* – «держи клюв прямо,» - так говорили турки, когда били болгар по лицу (с. Кокпеты, сообщил И.И. Карагуяров, 55 лет); б) *гага уз* - "клюв прямой" - так называли болгар, говорящих по-турецки, в отличие от горбоносых турок (с. Романовка, сообщила Н.А. Пантелеева, 56 лет.) [5, с.221].

Язык свой называют тюркским или турецким (*түрк дили*). В качестве родного языка гагаузы называют гагаузский, русский, турецкий языки. Однако, называя родным гагаузский, некоторые молодые люди, в отличие от старшего поколения (40 лет и старше), не владеют гагаузским языком. Напротив, все респонденты свободно владеют русским языком. Более 60 % гагаузов знают тот или иной уровень казахского языка. На вопрос анкеты (вопрос Е-20) «Понимаете ли Вы значение слов «Ак Орда», «Байтерек», «Мажилис», «мажилисмен», «Хабар», «аким», «наурыз», «наурыз коже»? 100 % респондентов отвечают: «Да». [www.tuyrki.weebly.com]. Подобные ответы определяют владение и отношение к казахскому языку многочисленных народов,

проживающих в Казахстане, в т.ч. и гагаузов. В целом, гагаузы доброжелательно относятся к казахам, знают казахскую культуру, традиции, кухню, охотно дружат с казахами, русскими, азербайджанцами, украинцами, проживающими в Казахстане и не собираются мигрировать в другую страну.

В будущем 99% респондентов-гагаузов желают изучать гагаузский язык в воскресных школах, в средних школах, в средних специальных учебных заведениях (вопрос Е - 18). Гагаузский язык относится к огузской группе языков и по своей языковой системе близок к турецкому языку. Основные особенности гагаузского языка в фонетической системе сводятся к следующему: дифтонгизация гласных верхнего и среднего подъема, функционирование вторичных долгих гласных, сильная палатализация основного корпуса согласных в сочетании с переднеязычными гласными; в синтаксисе, в отличие от турецкого языка, свободный порядок слов в предложении. А.С. Аманжолов в языковой системе гагаузского языка определяет близкородственные связи с турецким языком. Отметим некоторые из них:

1) гласный **э** в безударном положении обычно переходит в **е**: *бэн* (я) - *бени* - (меня), *гежэ* (ночь) - *гежелэр* (ночи) и др. Следует однако отметить, что это явление широко представлено в чадырлунгском и комратском говорах...;

2) сочетания **нл, мл** переходят в **нн**: *оланнар* - юноши, *инсаннан* - с людьми, *адамнан* - с человеком, *аннады* - понял;

3) гласные переднего ряда **е, и, ө, ү, э** в начале слова иногда произносятся как йотированные: *йев* - дом, *йөрдек* - утка, *йүст* - верх;

4) гласные **ө, о** в 1-м слогe произносятся обычно как дифтонг **уо, үө**: *уон* - десять, *уонун* - его, *сүөйды* - он говорил;

5) наличие нескольких форм настоящего времени, которые дифференцируются по говорам: **-(а)йор, -ыйр, -ийр, -эр, -йар, -ый, ий**: *алэр* - берет, *ойнаээр* - играет, *гөрер* - видит;

6) наличие грамматического женского рода с аффиксом **-ка, -йка**, заимствованного из славянских языков: *врачка* - женщина-врач, *чингенийка* - цыганка, *булгарийка* - болгарка, *чорбажыйка* - хозяйка;

7) наличие послелого (й)лан, (й)лэн, (й)нан, (й)нэн (в турецком литературном языке -ile, -la, -le): *алмайлан* - с яблоком, *екмеклэн* - с хлебом, *чобаннан* - с пастухом, *чизмемнэн* - с моим сапогом, *оннар чыкыйнан* - как только они вышли;

8) тюркский порядок слов в предложении под влиянием славянских языков нарушился, а относительная свобода порядка

слов, широкое употребление инверсии в гагаузском языке используется как стилистический прием [5, с.224]. Указанные языковые особенности в фонетическом, морфологическом, синтаксическом уровнях языка, на наш взгляд, характерны и для казахстанских гагаузов в их речевой деятельности.

Гагаузы, проживающие в Казахстане, сохраняют свои национальные традиции, обычаи, ритуалы. К таким обрядам относятся обряды «Додола», «Переруда», «Герман»; обряд вызывания дождя; свадебные обычаи. Как отмечают респонденты, «во время сватовства будущая невестка готовит всем кофе, а жениху подает его с солью. Если же он выпивает кофе спокойно и сразу, значит, также и все тяжелые моменты жизни он преодолеет легко и просто» (со слов респондента Али, 22 года, г.Туркестан) [www.tyurki.weebly.com]. Многие гагаузы для сохранения национальной культуры, национальной идентичности, языка хотят создание в г. Астане этнокультурного гагаузского центра (*Ратмир Манов, Степан Манов*).

Старшее поколение гагаузов знает устное народное творчество своего народа - сказки, легенды, мифы; с большим удовольствием передают содержание эпосов «Кероглы», «Карагез».

И все же среди молодежи немало патриотов, желающих знать свой язык, традиции, культуру. В качестве иллюстрации приводим стихотворение молодого гагауза (студента-медика), напечатанного в г.Туркестан 15 марта 2014 г. в газете «Ясави газетаса». Стихотворение также было опубликовано в Молдавии в газете «Единая Гагаузия». Стихотворение написано на турецком языке, но, как отмечает сам автор, есть версия его на родном гагаузском языке.

Sevdim seni Gagavuzya / Люблю тебя, моя Гагаузия

Sevdim seni Gagavuzya	Люблю тебя, моя Гагаузия.
-----------------------	------------------------------

Hiçbir zaman seni unutmam	Никогда тебя не забуду
Askerlik yapmadan durulmaz	Иду я в армию,
Durulmaz karşı düşmana	Чтобы с врагами твоими
Ki ben bir gün duracağım	Бороться до конца.

karşısında

Gece gündüz bu türküyü çalarım	День и ночь я тебя воспеваю.
Hep sen benim aklımda	Всегда ты в памяти моей
Sevdim seni bir çiçek gibi	Как цветы тебя люблю,
Kokun yüreğimde kaldı	Чудесные запахи твои в

сердце моем.

Ne zaman baksam yıldızlara	Наблюдая за ночными звездами,
Benden o kadar uzaktasın	Знаю, что далек от родины своей.
Aslında bana o kadar yakınsın	Но ты мне близка и дорога,
Çünkü burası da benim memleketim	Потому что это моя страна!
Çünkü burası da benim!	Потому что это земля моя!

Vitali Demiroğlu

(перевод на русский язык Н.Г.Шаймердиновой)

Как видно из текста, стихотворение патриотическое, не будучи профессиональным поэтом, автор смог выразить свою любовь к Родине Гагаузии, к родной земле, готов защищать его от врагов и воспеть его день и ночь. В то же время стихотворение очень лиричное – *цветы, чудесные запахи, ночные звезды, светлая грусть* – передают особую авторскую тональность всего текста.

Народ, который имеет таких сыновей, несомненно, несмотря ни на что уверенно смотрит с свое будущее.

Список литературы

- 1 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1995 - 296 с.
- 2 Мошков В.А. Гагаузы Бендерского уезда. Этнографические очерки и материалы // Этнографическое обозрение. Кн. XLIV. - М., 1990. - С. 7 - 15.
- 3 Большая Советская Энциклопедия в 30 томах. Т.5. - Москва, Издательство " Советская Энциклопедия ", 1971. - 639 с.
- 4 Державин Н.С. О наименовании и этнической принадлежности гагаузов. - Советская энциклопедия - № 1. - М., 1937. - С. 80 - 87.
- 5 Аманжолов А.С. Опыт изучения тюркских языков. - Астана: Фолиант, 2012. - 400 с.
- 6 Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 г. // *Статистический сборник. - Астана, 2010.*
- 7 Сайт: www.tyurki.weebly.com
- 8 Сайт: www.tmk.kz
- 9 Шаймердинова Н.Г., Тажибаева С.Ж. Тюркские языки Казахстана: современное состояние // «Язык и глобализация»: Сборник статей XVI международной научно-теоретической конференция. - Алматы, КазНУ, 2013. - С. 58 - 61.

10 Невская И.А., Тажибаева С.Ж., Шаймердинова Н.Г., Тусупов Ж., К. Шенинг Тюркский мир Казахстана: исследование языков и создание базы данных// Global-Turk/International Journal for Information and Analytics. - Astana, International Turkic Academy, 2016. - 33-42 S.

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасында тұратын гагауз халқы этногенезінің бастаулары, олардың Қазақстанға көшуінің себептері, тұрып жатқан мекендері, саны және діні қарастырылған. Сонымен қатар түркі (соның ішінде түрік) және славян халықтарының гагауздардың тіліне, мәдениеті мен өміріне әсер етуі ашылған, гагауздардың тіл жүйесіндегі ерекшеліктері зерделенген, олардың ана тілін және басқа да тілдерді, соның ішінде қазақ тілін меңгерулері де зерттеу нысанына алынған. Мақалада гагауз халқының өз салт-дәстүрлерін, халық ауыз әдебиетін білетіні байқалады. Және де қазіргі кезде Қазақстан Республикасында тұратын гагауз халқының жас ақынының өлең жолдары келтірілген.

Resume

The article is devoted to the Gagauz, living in the Republic of Kazakhstan. The author considered the origin of the ethnogenesis of the people, the causes of their migration in Kazakhstan, a local place of residence and the number of their religions: reveals the influence of Turkic (including Turkish), the Slavic peoples' language, culture and life of the Gagauz: There was investigated the system features of the Gagauz language, mastering of native and other languages, including Kazakh. The author describes Gagauz knowledge of their rites and customs, folklore, illustrated the poem of the young poet- Gagauz, the residents in the present time in the Republic of Kazakhstan.

**АР ІСІНІҢ СЫРЛЫ СИПАТТАРЫ
(КӨРКЕМДІК ҚАЙНАРЫ МЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ХАҚЫНДА)**

Р. ТҰРЫСБЕК

филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация

Мақалада әдебиеттегі көркемдік мәселесі, жанрлар жүйесіндегі орны, тақырып пен идея, сюжеттегі қызметі, тіл мен стильдегі сипаты кең түрде көрсетіледі. Қазіргі кезеңдегі бағыттары, даму үрдісі сөз етіледі.

Түйін сөздер: жанр, көркемдік, тақырып, идея, сюжет, тіл, стиль.

Өмір ағыны, уақыт керуені жүрдек, тынымсыз қозғалыста десек те, әдеби үдеріс қоғамдық құбылыстарды барша белгі – ерекшеліктерімен қамтуы тиіс. Бұл тұста, сөз жоқ басты бағыт, негізгі ұстаным: жанр жүгі – көркемдік кеңістігі екені анық. Бұған басым бағыт беруіміз, дәстүрлі жанрлар (поэзия, проза, драматургия) жүйесін әдеби қисын (теория) тұрғысынан қарастырғанмен (мысалы, тақырып, идея, құрылым, қаһарман, мәтін, сюжет, тіл, стиль т.с.с.), «сын – шын болсын» бағытын ұстанғанмен, шығармадағы шындықтың көркемдік кеңістігі айқын, құрылым-мазмұны мәнді, оқиғасы ойлы-өрнекті, сюжеттік желі қызық та тартымды болғаны жөн. Керісінше, бұл арна – бағыттар бұлыңғыр, жұтаң, тайыздық сипат алса, туынды табиғаты мен тағылымының басты мұраты, мән-мағынасы, маңызы талап деңгейінен табылмас еді. Өйткені: «Көркемділік келісім жоқ жерде, өнер шығармасы өмір сүрмейді. Көркемділік – өнер туындысының сапалық көрсеткіші» [1, 275 б.].

Бүгінгі әдеби үдерісті қоғамдық құбылыстардан, уақыт пен кеңістік қатынасынан, адам өміріндегі өзгерістерден бөлек қарастыру қиынның қиыны. Әлемдік дағдарыс пен нарық қыспағы, экономикалық тұрақсыздық жалпыадамзаттық құндылықтарға көлеңкесін молынан түсіріп, кері әсер-ықпал еткенін жұмыр жердегі барша халық жан-жүректерімен сезініп келеді. Ақпараттық технология, интеграция мен инновация алға шыққанымен, мәдени-гуманитарлық бағыттар өзіндік ағыс-арнасымен жаңа биік, бел-

белестерге көтерілгені анық. БАҚ жүйесі, кітап өндірісі, ақын-жазушылар шығармашылығы тоқырап, тығырыққа тірелген жоқ. Біліми-ғылыми арналар, шығармашылық еңбектер қалың көпке жетіп жатыр. Бұдан байқалатыны, мәдени-рухани мұралардың халықтың өмір-тұрмысымен етене екенін, тарихы мен тағдырының да тамырлас, сабақтасып жатқанын жасыру қиын. Жазушы еңбегі мен шығармашылықта бұл бағыт-арналарды басшылыққа алып, тақырып өзектілігін айқындап, зерттеу мен зерделеу ісіне мән беріп, көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесіне еркін енудің маңызы зор. Жанр жүгі – көркемдік екенін ескерсек, халық мұрасына ден қойып, ұлт мұратына адалдық танытып, мәдени-рухани арналарға кең өріс ашып, арғы-бергі кезеңнің жәдігерлерін жүйелі жинақтап, зерттеп-зерделеп, таным-талғамды тең ұстап, қалың көпке қаз-қалпында ұсынған жөн. Маңыздысы, әдеби өмірдің дәуірмен, бүгінгі күн тынысымен тұтастығы, үндестігі аса мәнді [2, 488 б.].

Осы жайттарды негізгі назарда ұстап, басты бағыт етеріміз: әр кезеңде-ақ жанр жүгі – көркемдік болғанын қайыра еске алар едік. Әлемдік һәм ұлттық әдебиеттанудың негізгі нысаны – сөз өнерінің тарихы, теориясы мен сыны екенін ескерсек, осының бәрі – баршасының бел ортасында – көркемдік кеңістігі құндылықтар жүйесі, эстетикалық таным-талғамның өлшемі, шығармашылық еңбектің қайнар көзі ретінде кең орын алады. Әдебиеттану ғылымындағы ағымдар мен бағыттар, әр алуан мектептер жүйесінде, зерттеу әдістері мен принциптерде, қысқасы жазушы еңбегі мен шығармашылығынан, әдеби құбылыстар мен үдерістер сипаттарынан да айқын аңғарылатыны – көркемдік кеңістігі сөз өнерінің асыл арнасы, ақыл-парасат өлшемі мен талант қуатының қайнар көзі, туынды табиғаты мен тағылымының күретамыры. Ақиқатын айтсақ, көркемдік кеңістігі – руханият ісінің алтын арқауы, көркемөнердің басты тұғыры, жазушы еңбегінің жарқырай көрінетін қазыналы биігі. Демек, асыл сөздің айбыны мен айдыны – көркемдік кеңістігінің басты арқауы, қазыналы биіктің тамырлы тарихы, ақыл-парасаттың алтын діңгегі. Өйткені, асыл сөздің көркемдік сипаты, ондағы алтын арқау – жалпыадамзаттық құндылықтар қайнарын, руханият мұраты мен мәйегін айқындайды [3,708 б.].

Ұлт руханиятының қазыналы қайнарлары, әсіресе асыл сөздің көркемдік құндылықтар жүйесі халық әдебиеті нұсқаларынан («Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан»), ақын-жыраулардың өмірі мен мұрасынан (Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар) жіті танылады. Жазушы еңбегі мен шығармашылығынан (М. Әуезовтің «Абай жолы», І.

Есенберлиннің «Көшпенділер», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парыз», Ж. Молдағалиевтың «Жыр туралы жыр», «Мен – қазақпын», С. Жүнісовтің «Ақан сері», «Заманай мен Аманай», Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе», «Ай мен Айша», Қ. Мырза Әлінің «Алаштың арманы», «Заман-ай», Қ. Ысқақтың «Ақсу – жер жаннаты», Ә. Кекілбайұлының «Үркер», «Елең-алаң», «Абылай хан», М. Мағауиннің «Аласапыран», «Мен», Т. Әбдіктің «Парасат майданы», Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз», Б. Мұқайдың «Өмірзая», Ә. Таразидің «Жаза», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Б. Нұржекеұлының «Әйел жолы – жіңішке», Ш. Құмарованың «Сезім патшалығы», Ж. Шаштайұлының «Алматы маңында», «Жаңғырық», Т. Әсемқұловтың «Талтүс», Н. Оразалиннің «Ғасырмен қоштасу», Р. Ниязбектің «Тыңда мені, замана», К. Ахметованың «Күн шыққанда күліп оян», А. Бақтыгерееваның «Ақ шағала», Т. Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары», М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жаңа қазақтар», Н. Айтұлы «Рухымның падишасы», С. Ақсұңқарұлының «Адам Ата-Һауа ана», Ұ. Есдәулеттің «Киіз кітап», Е. Раушановтың «Ғайша-Бибі», С. Адайдың «Әр қазақ – менің жалғызым», Қ. Бегманның «Қарашық», Б. Жақыптың «Қолтаңба» т.б.) көркемдік көкжиегі кең көлемде көрініс береді. Сондай-ақ, драмалық туындылардан – Ш. Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған», Ә. Таразидің «Ақын. Періште. Махаббат», Т. Әбдіктің «Ұлы мен ұры», Д. Исабектің «Актриса», «Тор», Иран-Ғайыптың «Шыңғыс хан», «Фатима», Т. Нұрмағамбетовтің «Бес бойдаққа бір той», С. Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар», И. Сапарбайдың «Қыз мұңы», «Сыған серенадасы», Ж. Солтының «Сағым қуғандар», С. Асылбекұлының «Империядағы кеш», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Р. Отарбайдың «Бейбарыс сұлтан» т.б. адам әлемі, өмір мәні, тұрмыс сыры әр алуан әрекет, қимыл-қозғалыс, ой-сөз жүйесі негізінде кең өріс алады. Анық аңғарылатыны: тақырып әралуандылығы, жанрға жауапкершілік, көркемдік кеңістігі, қаһарман әлемі, оқиға өрімі, өмір – уақыт шындықтары айқын. Маңыздысы, асыл сөз арналарының әр кезеңінен-ақ (арғы дәуірден бүгінге дейін) ел-жерді қорғап, ерлік істі дәріптеп, бірлік-тұтастықты ту етіп, дәстүрге адалдық танытқан халықтық қалпымыз ақындық өнерден, тастағы дастандардан, қолжазба-кітаптардан көрініс беріп, ондағы дарын даралығы, қалам қуаты, көркемдік көкжиегі, эстетикалық құндылықтар, ой-сөз жүйесі мен стильдік құбылыстар әдеби-рухани нәрімен, танымдық-тағылымдық һәм сырлы-сипатты мәнімен, шеберлік пен шешендікке негізделгенімен қалың көптің назарын аудартары анық.

Ондағы көркемдік келісім үйлесімі мәнді. Бұл – тәуелсіздік тұсындағы ұжымдық еңбектен де көрініс тапты [4, 640 б.].

Осы орайда, адамзат өркениетінің даму үрдістеріне қарасақ, жаһандану дәуірінің «өрісті өлкесіне» ден қойсақ, ақпарат көздері мен әлеуметтік желілер тасқынына құлақ түрсек, сөз жоқ көркемдік кеңістігі – көркемөнер мұраты, өнер өлшемі, сапалық көрсеткіштің тұғыры екені анық. Автордың жан-жүрек толғанысының нәтижесі, болмыстың бейнелі қабылдау үлгісі, көркемдік ойлау жүйесінің жемісі, мәдени-рухани һәм эстетикалық құндылықтар қайнары, стильдік құбылыстар мәні екені де терең танылады.

Бұдан басқа, баспа өнімдерінен, кітап саудасы, көрме-жәрмеңке орындарынан, орта мектеп пен жоғары оқу орындары кітапханаларынан қалың көпшілікті өмір шындығын негіз еткен, кейіпкерлер жүйесі айқын, уақыт бедері бейнелі, көркемдік кеңістігі кең көлемде көрінетін туындылар табиғаты мен тағылымы жан-жүректі, көңіл көкжиегін баурап алатыны, басым бағыттарға, жоғары сұранысқа ие екендігі де назар аудартады. Автор мен оқырман байланысы, ортақ мұраттар да шешуші мәнге ие болады.

Асылы, әдебиет теориясынан таныс: тақырып пен идея, жанр жүйесі мен қаһарман әлемі, тіл мен стиль сипаттары – жазушы еңбегі мен шығармашылығының негізі болғанымен, осының бәрі-баршасының басым бағыты, алтын арқауы, басты діндегі – көркемдік кеңістігі екені анық.

Ақиқат айнасы айқын көрініп, шындық жүзінің жарқырайтын тұсы – көркемдік кеңістігіне келіп саяды. Асыл сөздің айбыны мен айдыны, жазушы еңбегі мен шығармашылығының жарқын да шынайы үлгісі, көзқарас пен қолтаңбаның бедерлі белгісі – көркемдік кеңістігінің күретамырын айқындайды. Ал, іргелі ізденіс, ерен еңбек-шын шеберлікке бастаса, талант пен тәжірибенің тоғысы, қалам қайратының жемісі – көркемдік кеңістігінің шынайы шежіресіне кең өріс ашады. Бұдан байқалатыны: көркемдік-эстетикалық құндылықтар қайнары, шығармашылық еңбектегі шындық пен шеберлікті жеткізудің жарқын жолы, дәстүрлі үрдісі. Өйткені, көркемдік кеңістіктің бедерлі белесі, асқар шыңы – шеберлік. Ал, түптеп келгенде шеберлікте шек жоқ.

Осы реттен келгенде, Т. Әбдірахманованың «Елтұтқа», К. Салықовтың «Дананың сәтті сапары», Қ. Мырза Әлінің «Заман-ай», «Бес жыл өткен соң», М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы», Ж. Бөдешұлының «Жақия», Т. Медетбектің «Махамбет рухының монологы», С. Тұрғынбекұлының «Махамбет және Жәңгір хан», «Кейкі батыр», К. Ахметованың «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық», Н. Айтұлының «Бәйтерек»,

«Мұқағали –Желтоқсан», А. Егеубайдың «Желтоқсан» т.б. поэмалары әр алуан тақырыпты қамтығанымен, баршасында ел өміріндегі елеулі оқиғалар, белгілі адамдардың қиын-қыстау кезеңдердегі ерлік істері, ақиқат пен азаттық жолындағы мұраттары, сындарлы сәттердегі ұтымды да ұнамды тұстары көркемдік дәстүрге сәйкес жаңа сапа, терең мазмұнға ие болады. Әрине қай ақын да елдік мұрат-мүддені терең түсініп, осының негізінде эпикалық жанрда тарих қойнауларына еркін енеді. Ел тарихының қилы кезеңдеріне, сындарлы тұстарына сергек қарап, азаттық жолындағы күрестің қандайына да көркемдік һәм реалистік тұрғыдан ден қояды. Халық азаттығы мен бостандығы болмайынша қоғам дамуы, өмір-тұрмыс мәні, ақыл-парасат көкжиегі кеңімейтіндігін жан-жақты ашады. Ұлт мұраты мен тарихы, азаттығы мен бостандығы, келелі келешек көкжиегі – елдік мүдде алға шығып, сән-салтанат құрғанда ғана жемісті жетістіктерге қол жеткізуге болатынын кеңінен көрсетеді. Басты тақырып – азаттық, бостандық, тәуелсіздік мұраттары бар қырынан ашылып, маңыз-мәні, мәңгілік сипаттары кең көлемде көрініс береді. Біздіңше, тақырыпқа адалдық, ұлт мұраты мен тарихқа, оның әр кезеңдердегі сыр-сипаттарына шынайылық тұрғысынан қарап, бағалау тұстарынан тереңдік танылады. Тақырып мәні, көркемдік нәрі негізгі өлшем. Мұның өзі, сайып келгенде: «...Әдебиеттің негізгі қызметінің бірі – адам тәрбиесіне ықпал ету. Бірақ, ол тікелей үгіт түрінде емес, адам сезіміне әсер ету, сол арқылы оны әсемдікке, тазалыққа, жақсы мінез-құлықтарға баулуға қызмет етеді. Әдебиет адамның өзін-өзі тануына, ойлауға үйретеді» [5, 49 б.].

Бұдан байқалатыны, қазіргі кезең поэзиясынан кеше-бүгін байланысымен бірге іргелі ізденістер, тақырыптық ерекшелік пен көркемдік арналар, тарих пен таным тоғысы, уақыт пен кеңістік сипаты танылады. Ақындар әлемінен азаттық идеясы мен тәуелсіздік мұраттарын барынша көркем, жарқын жырлау айқын аңғарылады. Қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, ел өміріндегі жетістіктер, адам әлеміндегі, еңбек мұраттарындағы жарқын жайттар, сәулелі сәттердің бәрі-баршасы өзгеше мәнде өршіл сипат, өрнекті өріс алады.

Ел әдебиетіндегі проза үлгісінен де көркемдік кеңістігінің алуан өрнектерін байқауға болады. Айталық, Д. Досжан шығармашылығындағы бір арна өнер тақырыбы төңірегінде өріс алады. Еске түсірсек, жазушы еңбегіндегі өнер тақырыбы – «Виртуоз» және «Сәулетші» әңгімелері арқылы жаңа бағытта жалғасып отырады. Алғашқы әңгімеде Қожамжар қарттың жалғыз ұлы – Нұркен Әшіровтің өнер нығметін қоңыр домбыра арқылы

еселеп арттыруы, қалың көпшілік: – Виртуоз!, - деп қабылдауы («Біртуар») көркем баяндалады. Автор әке мен баланың ауыл-елдегі тұрмыстарын көрсетіп, мерекелік концерттегі Нұркеннің орындаушылық шеберлігін жан-жақты ашады. Ал, «Сәулетші» әңгімесіндегі Самат пен Сәулеттің жастық жырлары, сәулетшілік өнердің өзіндік ерекшеліктері, аға буын өкілдерінің жастарға сенімсіздік білдіріп, еңбектерін бағаламауы, дұрысы – пайдаланып кетуі суреттеледі. Негізінен, автор өнер тақырыбын адам әлемімен, қоғам-ортасымен сабақтастықта сөз ету арқылы адалдық пен тоғышарлықты, қарапайымдылық пен әділетсіздікті өзара салыстыра береді. Өмірдің бұралаң жолын өнер адамы басындағы әр алуан хал, кедергі-кемшіліктермен қатар көрсетеді. Өмір шындығын, уақыт тынысын – өнер төңірегіндегі ізденіс пен көзқарасты, адам мұратын кең ашады. Атап өтер жайт, автор өнер адамының өмірі мен кәсібін қоғамдық құбылыс пен кезеңдік көріністер негізінде қаз-қалпында көрсетеді.

Қаламгердің «Дон Кихот», «Өмір арбасы», «Кешірім», «Жанып-сөну», «Жаңғақ», «Шырақшы» сынды әңгімелері тақырыптық ізденісімен, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерімен назар аудартады. Болған оқиғаның ізі, өмірлік жайттар көркемдік шындық пен шешім тұрғысынан табиғи өріс алады. Адам өмірі мен арман-аңсарлары, еңбек мұраттары шынайы бояу бедері, суретті көрініс, нақыштар негізінде дамып отырады. Айталық, «Дон Кихотта» адамгершілік пен ар, еңбек пен бейнет ұғымдары алға шығады. «Өмір арбасы» отбасылық өмірдің сан қилы көріністерін келісті, көркем өрнектермен баяндайды. «Кешірім» – М. Әуезовтің талайлы тағдырын, «Алаш ісі» мен «Ашық хат» сырын, уақыт таңбасы мен тынысын терең танытады. «Жанып-сөну» – өмір талқысы мен отбасы салмағын қатар сезінген – Нұрәлінің мұңды-шерлі халін, өзін-өзі алдаған һәм жоғалтқан сәттерін суреттейді. «Жаңғақ» әңгімесі М. Әуезовтің отбасылық өмірі мен шешен шалы Ахметтің өзара байланысын, ғұмырбаяндық-шығармашылық сыр-сипаттарды, жаңғақ ағашын күтіп-баптаудағы өзіндік өзгешеліктерді уақыт пен кеңістік, кезең-заман шындығы аясында кеңінен көрсетеді. «Шырақшы» – Дайрабай қарттың өмір-тұрмыстан көргенін, дүние дидары туралы таным-түйсігін, толғам-толғаныстарын, адам мен хайуанат арақатынасын, дін-ділді арқау етеді.

Жалпы, ой-сөз жүйесінен – көңілде қорытылған, жан-жүрек таразысында тартылған өмір шындықтары мен көркемдік шешімдер, әдеби-эстетикалық құндылықтар жан-жақты танылып тұрады. Көркемдік көкжиегі – жаңа әлем ашады. Сөз суреті соны сипат

алады. Өткір ұшталған қалам-қиял қанатындағы, ой көрігіндегі бояу бедерін, суретті сөзді сол сәтте-ақ қағазға көшіреді. Нәтижесінде: «Нағыз суреткер адамға жазу да сүйексінді мінезге айналады» [6].

Авторлық ұстанымға мән берсек, болмысты, өмір-тұрмысты көріп, тануда, оны бояу, бедермен беруде сергек сана, суреткерлік дарын керек. Сонда ғана ол бояуға бедер, сөзге сурет, ойға қиял дүниесін дарытады. Әр алуан адам, мінез-иелерінің өмір-тұрмыс, дағды-кәсіп, еңбек көзқарастарын еркін ой ағынына, көркемдік келісімге құрады. Ана тілінің мол мүмкіндіктеріне еркін еніп, ұлт пен ұрпақ, дәстүр мен дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне бойлайды. Ұлттық сөздің қадір-қасиетін серік етеді. Сосын, сөз жоқ: ар ісін – бәрінен де биік қояды: «... Әдебиет – адам мінезінің айнасы. Сол мінезден туындайтын шаркездік, шырғалаң көркем шығарманың өзегі болып жатады... Шығарма идеясыз жазылмайды. Бір нәрсеге табан тіреп, ой сабақтасаң, ол – логика болып шығады. Сол ойдың түп-төркінін іздесең, ол-психологиялық талдауға маңдай тірейді. Қысқасы, идеясыз, табан тірейтін мақсатсыз іс бітпейді» [7].

Жазушы еңбегіндегі таңдаулы әңгіме, хикаяттар табиғатынан (мысалы, «Кісі ақысы», «Қымыз», «Ақыл иесі», «Арыстанды-Қарабастың желі», «Адамға қанша қуаныш қажет?», «Ергежейлі», «Қыдырдың құбылысы», «Момындар», «Жігіттің бір жұрты», «Қыз әні», «Келіншек асуы», «Жылы жауын», «Екі дүние есігі», «Шипалы су» – әңгімелері; «Отырар», «Фараби», «Төрт патшаны көрген кейуана», «Пайғамбардың өлімі», «Жылы ағыс», «Жан тәтті», «Үрей» – хикаяттары; «Ата кәсіп», «Ақыл сатамын», «Арман баланың бастан кешкен қызықты оқиғалары», «Қарықбол мен Ақбата», «Келіншектаудағы тас түйелер», «Келіншектаудың көгілдір бояулары», «Тегіне тарту» – балаларға арналған туындылары) арғы-бергі кезең көріністері, ел-жер жайы, белгілі адамдар өмірі мен өнегесі, тарих пен таным арналары, білім-ғылым жүйесі, тәлім-тәрбие иірімдері, балалық-жастық дәурен, дәстүр тағылымы, өнердің өріс-өлкесі секілді өзекті тақырыптар танылады. Бұл шығармалар іргелі ізденіс пен көркемдікке құрылған. Автор сөз арқылы – ой құнарына, образ әлемі негізінде – сыр-сезімге қадам жасайды. Ақыл-парасат – басты өлшем етіледі. Ерен еңбек пен талант табиғаты, талайлы тағдыр мен тауқыметі өмір ағыны да ой-сөз жүйесімен, бедерлі бояу өрнектерімен ұштаса беріледі. Есімі мен еңбегі арғы-бергі кезеңдерге жеткен, өмірін өнермен өрнектеген Жалаледдин Руми ұстанған бағытқа мықтап ден қояды: «... бірінші – жазғанына өтірік сөз қоспау; екінші – жазып отырғанда жүреkte кір, көлеңке болмау; үшінші – өзін-өзі жеңе білу» [8,16 б.] .

Сондай-ақ, Ж. Әлмашұлының «Ұмытылған ұрпақ», «Оянған ұрпақ», «Күлкі мен көз жасы» сынды романдары, С. Досжанованың «Жатқа туған бала», «Өгей жүрек» атты хикаяттар кітабы ел бірлігі мен тарихын, отбасылық өмір мен адам тағдырының қилы сәттерін кең түрде, көркем сипатта суреттейді.

Негізінен алғанда, қазақ прозасы ел өмірінің арғы-бергі кезеңдерін, тарих бедері мен таным тоғысын, тұлғалар мен тағдырлар талқысын, адам әлемінің мың сан арналарын, жастық пен достық сырларын, ғашықтық ғаламаттарының мұңлы-сырлы сипаттарын алуан ізденіс, қызғылықты оқиға, көркем көріністер мен сырлы суреттер негізінде жүйелі жеткізеді. Авторлық ұстаным мен қалыптасқан қолтаңба мәнерінен, өмірлік жайттар мен көркемдік шындықтар желісінен, тілдік һәм стильдік құбылыстардан тарих толқындары, кезең көріністері, адам мұраты мен еңбегі кеңінен көрініп, оны жеткізу жолдары мен бейнелеу бедерлерінен, әдіс-тәсілдер жүйесінен еркіндік пен тереңдік танылады.

Осы реттен келгенде, тәуелсіздік кезеңінде сахналанған, театр өнерінің тарихына еркін енген драмалық туындылардан байқалатыны:

- тарихи тақырыптарды, танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңін, қызметі мен қайраткерлігін өмір-уақыт тынысына сан бедерлі, жүйелі жеткізді.

- халық өмірі мен кезеңі, арғы-бергі дәуірлердегі ауыртпалыққа, қайшылыққа толы тарихи сәттер қилы көрініс, ақиқат жайттар негізінде көркем, бейнелі беріледі.

- қарапайым адамдар өмірі, тұрмыс-тіршілік түйіткілдері, жастық-достық сырлары, тәлім-тәрбие иірімдері арғы-бергі кезеңдердің тағылымды тұстарымен, бүгінгі күннің шынайы шындықтарымен байланысты байыпты баяндалады. Қоғам дамуы, өмір ағыны, адам әлемі кең орын алды.

- ең негізгісі, әрине драмалық қойылым мен қолтаңбалардан халық тарихы мен тағылымы, дүбірлі дәуір мен қилы кезең көріністері, танымал тұлғалардың азаттық пен тәуелсіздік жолындағы жанкешті әрекет-қимылдары, ұлттық мұрат пен отбасылық тыныс-тіршілік, өмір мен еңбектегі ақиқат пен әділеттілік, қоғамдағы кереғар келеңсіздіктер, билік пен бизнес, халық пен нарық, баспана мен жұмыссыздық, әйел тағдыры мен бостандығы, махаббат пен сүйіспеншіліктің сырлы сипаттары. т.с.с. өмір шындығы, көркемдік талаптар, уақыт тынысына сай жүйе құрайды. Қазіргі кезеңнің басты талабы – адам өмірі мен еңбегіне, өмір шындығы мен көркемдік шешімге, реалистік көріністерге сай сараланып, байыпты баяндау, терең талдаулар арқылы жүйелі

жеткізіледі. Тақырып ауқымы кең де арналы. Өмір ағыны, уақыт бедері айқын.

Негізінен алғанда, ұлттық драматургияның арғы-бергі кезеңдерінен келе жатқан адам әлемі, тарих бедері мен тағдырлар талқысы, халықтың мұң-шері, жастық-достық Һәм сүйіспеншілік сыр-сезімдері, бәрі – баршасы ел руханиятының қазыналы биігі, ортақ олжасы ретінде көркемдік мұратқа айналып, театр өнері арқылы қалың көпшілікке жетті. Драматургия заңдылықтары, театр өнерінің талап-талғамы, актерлер ойыны мен режиссер шешімі – мәдени кеңістік пен көрерменнің әсер-ықпалын айқындай түсті.

Бұдан шығатын түйін: асыл сөздің арыдағы арналарынан бастау алған адамзаттық құндылықтар әр кезең көріністері тұстарында тақырыптық тұрғыдан байып, өзара дамып, жетіле түскені айқын аңғарылады. Әдебиет тарихы мен фольклортанудың бел-белестеріне ден қойсақ, халық мұрасы мен нұсқалары, жанр жүйесі мен интеграциясы, көркемдік арналары, эстетикалық құндылықтары, тіл мүмкіндіктері мен стильдік құбылыстар мәні, мәтін құрылымы, ішкі монолог, диалог қызметі, оқиға өрімі алуан ізденіс, соны сипаттарымен дамып, жетіліп, өрістеп отырғанын аңғарар едік.

Ал, жанрлық жүйе тұрғысынан келсек, халық әдебиетіндегі шағын көлемді туындылардан бастап, әр кезеңдегі өлең-сөз өлкесі, қарасөз қайнарынан көрінетін кіші Һәм орта, үлкен шығармалардағы қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністері, адам әлемі мен мұратының мың сан қатпарлары көркемдік өрнектерімен назар аудартып, жанды жадыратып, көңілді баурайды. Сондай-ақ, ұлттық драматургияның жанр жүйесі, қалыптасу кезеңдері мен даму үрдістерінен тақырыптық арналар, авторлық ұстаным, дәстүр мен сабақтастық, поэтика мәні, эстетикалық мазмұн, көркемдік құралдары, типтендіру тәсілдері, танымдық Һәм тәрбиелік мәні өзіндік өзгешеліктерімен танылады. Бұдан басқа, сөз өнерінің әдебиеттану мен сын салалары, фантастика мен сатира сипаттарынан да зерттеу мен зерделеулерден өзге қоғамдық жағдаяттар, кеше мен бүгін байланысы, адам әлемі мен болмыстың мың сан көрініс-шындықтары, мәдени-әдеби жалпы дамудың үрдістері кең түрде көрінеді. Осындағы басты өлшем: «Жанр және олардың сан алуан түрлері әлемдегі барлық халықтардың мәдениеті мен әдебиетінде кең орын алатын жалпылық мәні бар құбылыстардың қатарына жатады» [9, 8 б.] .

Жинақтап айтқанда, асыл сөз арналарының кең өрісті, тың тынысты, соны серпінді сипаттары – көркемдік кеңістігі негізінде жан-жақты танылып, жазушы еңбегі мен шығармашылығының

алтын арқауына айналады. Демек, асыл сөздің айбыны мен айдыны – шығармашылық еңбектің негізгі арқауын құраса, ондағы жанр жүгі – көркемдік кеңістікке келіп саяды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. –275 б.
- 2 Әдеби өмір шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 488 б.
- 3 Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «evo Press», 2014. – 708 б.
- 4 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
- 5 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 49 б.
- 6 Досжан Д. Өз жайымды өзім айтам. //Қазақ әдебиеті, 1997, 1 шілде
- 7 «Көркем шығарма сарапшысы – уақыт, сыншысы – оқырман қауым». //Егемен Қазақстан, 2004, 30 қаңтар
- 8 Досжан Д. Шығармалары. 4-том. – Астана: Фолиант, 2008. – 16 б.
- 9 Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. 1- том. – Алматы: Жазушы, 1991. – 8 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы художественного мира, его места в жанровой системе, тема и идея, сюжетные линии, характеристика стилевых и языковых особенностей в истории и развитии литературы.

Resume

This article deals with the problems of the artistic world of literature, genre issues, the theme and the idea of the plot of modern literary processes.

ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ІШКІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ӘЛЕМІ

Ш.Қ. ҚҰРМАНБАЕВА

педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация

Мақалада тіл білімі мен аксиологиядағы «тұлға» ұғымы жайлы сөз болады. Тілдік тұлғаның концептілік өрісі мен құндылықтар жүйесі ұғымдарының мәні сипатталады.

Түйін сөздер: тілдік тұлға, құндылық, тезаурус, концепт, рухани.

Адам – таным субъектісі, іс-әрекет субъектісі, өмір жолының субъектісі. Ересек адам өмірінің мәні – стратегиялық бағыты, тәсілі, ұстанған бағыты, болашақ бағдарлары, келешек дамуы. Ал «Мен» дегеніміз – «Біз» атты психологиялық мәртебеге ие тұлғаның әлеуметтік сапасы. Адам тұлға ретінде мәдени құндылықтарды тудырады және сонымен өмір сүреді.

Тұлға халықтың, этностың мәдени дәстүрінің даму болашағында қарастырылуы қажет. Адамның адам болып өмір сүруі үшін мәдениет шегінде қалыптасқан мәдени-антропологиялық прототип қажет. Мәдениет концептілері – кеңістік, уақыт, тағдыр, өмір, құқық, байлық, еңбек, бақыт, сенім, ар, тәртіп, күнә, жұмақ, тозақ, өлім т.б. Олар құндылықтар жүйесінің өзіндік белгілерін көрсетеді және әлеуметтік мінез-құлық пен әлемді қабылдаудың үлгілерін береді. Бұл тілдік тұлғаны қалыптастыратын ерекше координаттар жүйесі.

Тұлға дегеніміз – ең алдымен адамның әлеуметтік табиғаты, ал адамның өзі әлеуметтік-мәдени өмірдің субъектісі ретінде қарастырылады. Тұлғаның қалыптасуы дегеніміз – өзін жан-жақты жетілдірген тұлға ретіндегі идеалға қарай ұмтылыс. «Толық адам» проблемасын көтерген ұлы Абай: «Әлдебіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді», - деп жазады өзінің қарасөзінде [1, 93 б.]. Атақты ақын М. Жұмабаев та: «Тіл – адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаларға ұқтыра алса, адамның не арманы бар! Жазушы, ақын деген сөз –

ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толық тұрып, айтуға тілің толық жетпесе, ішің қазандай қайнайды да. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында», - деп, толық адамның дара тұлғасын қалыптастырудағы тілдің маңызын баса көрсетеді [2, 72 б.]. Р. Сыздық: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал», - деп жазады [3, 15 б.].

Тілдік тұлға дегеніміз – тілде (мәтіндерде), тіл арқылы көрініс табатын және өзінің негізгі белгілері тілдік құралдар базасында қайта құрылған тұлға. «Тілдік тұлға» ұғымы – адамның сапалық айқындылығын құрайтын физикалық және рухани ерекшеліктері философиялық, әлеуметтанымдық және психологиялық көзқарастар тұрғысынан айқындалатын қоғамдық мәні бар тұтастық ретіндегі пәнаралық термин.

«Ең алдымен «тілдік тұлға» ретінде сөйлеу әрекетіне қабілеттілігі тұрғысынан тілді қолданушы адам қарастырылады» [4, 1 б.] «Тілдік тұлғаның басым қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, идеалдарын бейнелейтін неғұрлым маңызды концептілері оның тезаурусында соғұрлым кеңірек көрініс табады» [5, 10 б.].

Тезаурус дегеніміз – біріншіден, жиілігі бойынша реттелген сөздік, екіншіден, осындай сөздіктің негізінде айқындалған тілдік тұлғаның өзіндік бір ғалам бейнесінің суреті. Ол сурет тілдік тұлғаға тән ғалам бейнесі үзіктерімен тікелей байланыста болатын концептуалдық құрылымға негізделеді.

Концепт – көпкомпонентті, күрделі когнитивті құбылыс, тілдік тұлғаның тілдік-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі концептілердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып, жарыққа шығады, вербалданады. Оның құрылымын орталық нүктесі, яғни өзегі бар және сол өзек маңына топтасқан білімдер, тұжырымдар, түсініктер мен ұғымдар, ойлар, қиялдар, болжамдар, ассоциациялардан тұратын өріс түрінде елестетуге болады. Осы бағыттағы адам танымының үдерісі оның сол әлемде қандай бағдар ұстанғанына байланысты. Концептілік өріс құру арқылы белгілі бір концепт шеңберіндегі ғаламның тілдік бейнесі сипатталады. Концепт ұғымын лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан ерекшеленетін ментальды көрініс ретінде айқындау гуманитарлық, оның ішінде лингвистикалық білімнің антропоцентристік парадигмасының қалыптасуындағы заңды қадам болып табылады.

Тілдік тұлғаның концептілік өрісінде ұлттанымдық лексикалық деректер когнитивтік қызмет атқарып, аксиологиялық жүк арқалайды. Тілдік тұлғаның тезаурусында ғаламның тілдік бейнесінің қалыптасуына ұлттық танымдағы атамекен, тіл, тарих, өнеге, әдебиет, мәдениет т.б. базалық концептілер зор әсер етеді. Ол концептілер тіл үйренушінің қолданысында қазақи танымның бояуы аралас жаңаша мәнге ие болады, мазмұны байиды, яғни контекстік семантикасы терендей түседі.

Тілдік тұлғаның концептілік өрісі ұлттық базалық концептілер шеңберінде қалыптасады, осы концептілік өрісті құрайтын барлық концептілер тіл үйренуші «МЕН»-інің айналасына шоғырлана келіп, оның өзі жасаған әлемнің тілдік бейнесі ретінде танылады. «Тіл, мәдениет және этнос өзара тығыз байланыста келіп, тұлғаның негізін жасайды – оның физикалық, рухани және әлеуметтік «Менінің» түйіндесу орнын айқындайды.

Тілдік тұлға мен концепт – табиғи тілді тасушының ділі мен сана-сезімін танытушы және «сөйлеуші адам» прототиптік бейнесін қалыптастырушы лингвомәдениеттанудың базалық категориялары» [6, 65 б.]. Тілдік тұлға – «Табиғи тілдің семантикалық жүйесінде көрінетін тілді қолданушының ұлттық-мәдени прототипі немесе адам образын тілдің ерекшеліктері бойынша құру» [7, 279 б.]. Тіл арқылы адамның ішкі жан-дүниесі, мәдениет деңгейі, білімі, сана-сезімі көрініс табады, яғни «Тіл – адам рухының айнасы десек, ең алдымен ол айнада концептісі мәдениет константы қатарын құрайтын адам тұлғасы көрініс табады» [7, 279 б.].

Тілдік тұлға ұғымы тұлғаның жеке дара сана-сезімі және дүниеге көзқарасы мен тілдің өзара байланысын білдіреді. Кез келген тұлға өзін және өзінің субъектілігін заттық іс-әрекеті арқылы ғана емес, сонымен қатар тіл мен сөйлеусіз жүзеге асырылуы мүмкін болмайтын қарым-қатынас арқылы да көрсетеді. Адамның сөзі оның ішкі әлемін танытады, оның тұлғалық қасиетін танытатын мәлімет көзі қызметін атқарады. Сөзге құндылық сипат беру, бере алмау қабілеті тілді қолданушының ішкі дүниесінің дәрежесіне байланысты.

Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылады. Тілдік тұлғаның мәні қарым-қатынас құндылығы деңгейінде ашылады. Сонымен, қазақстандық тілдік тұлғаның рухани құндылықтары жүйесінің қалыптасуына мынадай негізгі факторлар әсер етеді:

- тәуелсіз Қазақстанның демократиялық қоғамы;
- өзін-өзі дамыту, тегін білім алу мүмкіндігі;

- қазіргі Қазақстан қоғамында қалыптасқан этикалық және моральдық нормалар;
- тілдік орта;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар;
- қазақ халқының дүниетанымы;
- қазақтың ұлттық ғалам бейнесі;
- қазақтың ұлттық мінез-құлқы т.б.

Қазақстандық тілдік тұлға – өз ана тілін, мемлекеттік тілді, шет тілін, ақпараттық технология тілдерін жетік меңгерген тұлға, үйреніп жүрген қазақ тілін қарым-қатынаста қолдану құзыреттілігіне ие, ол арқылы өзінің ғылыми, мәдениеттанымдық, рухани, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, саналы, белсенді, өзін-өзі дамытушы таным субъектісі. Қазір тек техникалық кемел білім алған адам шын мәніндегі зиялы азамат деп есептелмейді. Қазақстан мемлекетінде ересек тіл үйренушінің тілдік тұлғасы мәдениеті жоғары, рухы биік, патриоттық сезімі берік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық бағдары орныққан болуымен ерекшеленеді.

«...Адамның субъектілігі оның болмысының табиғи, қоғамдық және рухани сапаларының мүлдем қайталанбас ансамблі ретінде көрінеді. Бұған оның табиғи қасиеттері, алғышарттары мен мүмкіндіктері, жеке өмір биографиясының ерекшеліктері, құндылық бағдарлары және мотивациялық механизмдерінің жүйесі мен ішкі рухани әлемі жатады. Әрбір адамның мұндай сапаларының құрамы әртүрлі және ешқашан қайталанбайды» [8, 441 б.].

Педагогикадағы аксиологиялық бағыт адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде қарастырады. Ізгілік адамгершілік құндылық ретінде адамның сезіміне, қызығушылығы мен проблемаларына көңіл аударуды тәрбиелеуді негізге алады, адамға әлемдегі ең жоғары құндылық ретінде қарауды қалыптастырады.

Құндылық дегеніміз – адамның өмірлік, тәжірибелік түпкі мақсатын қалыптастыру әрекетінің бағдары. Әлемді рухани-практикалық игеру үдерісі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның өзін және өзге адамдарды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, үдерістерді қайырымдылық, әділеттілік, сұлулық, пайдалылық т.б. тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастыруымен сипатталады.

Құндылықтар – адамның рухани мәдениетінің көрсеткіші, оларды төмендегідей жүйелеуге болады: адамгершілік: адамгершіліктің негізгі заңдары мен принциптері (этика), этикалық

тыйымдар, нормалар, ережелер, өсиеттер, адамгершілік сезім мен қарым-қатынас, махаббат, достық; жалпыадамзаттық сипаттағы құндылықтар: отан, туған жер, тіл, тарих; эстетикалық, шығармашылық құндылықтар: әдебиет, өнер, музыка туындылары; саяси құндылықтар: тәуелсіздік, еркіндік; кәсіби құндылықтар; діни құндылықтар т.б.

Құндылықтар бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін игеру нәтижесінде орнығады. Мәдениет кез келген халықтың, мемлекеттің бет-бейнесін айқындайды, негізгі құндылықтарын қалыптастырады. Құндылықтар адам бойында моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі.

Құндылық проблемасын ұлт философиясы тұрғысынан қарастырған Т. Бөрібаев бұл жөнінде: «Рухани болмысымызды ұлттық философиялық тұрғыдан зерделей отырып, халқымыздың құндылық бағдарын және рухани талғамы мен таңдауларын қалыптастыру қажеттігі нақты жолға қойылуы тиіс. Әсіресе мынау ғаламдастыру алдында базистік құндылықтарымызды менталитет өзегіне айналдырудың маңызы зор», - дей келіп, базистік құндылықтар қатарына ар-намысты жоғары ұстау, ата-ананы, үлкенді сыйлау, табиғатқа бас ию, қонақжайлық, еңбекқорлық, еркіндік, имандылық, дәстүршілдік, қанағаттық, ұлтжандылық, патриоттық сезімді, ерлік пен отансүйгіштікті қалыптастыру т.б. жатқызады [9, 198 б.].

Академик Ә. Қайдар: «Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамынсыз тілдің де болмайтыны рас. Ата-бабалардан ұрпаққа аманат болып қалған бай рухани, мәдени мұрамызды өз бойына сіңіріп, сары майдай сақтап, жалғастыру арқылы тіл қауымын мәңгірттіктен аман алып келе жатқан сирек құбылыс – феномен де осы тіліміз ғой. «Өркениет, мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық менталитет» деп дәріптейтін құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл қасиетіне барып тұрақтайды, тілдің құдіретті күшімен, тамаша жаратылысымен ғана бейнеленіп, бағаланып, реальді факторға айналады», - деп жазады [10, 10 б.].

Адамның тезаурусы арқылы түзілетін ішкі құндылықтары әлемі дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі. Білім берудегі ізгілендіру, дамыту ұстанымдары дара тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді. Елін сүйетін адал перзенттерді тәрбиелеп шығару үшін ересек тыңдаушыларға тіл үйрету ісінде олардың бойына ұлттық рухани құндылықтарды дарыту қажет. Ал рухани құндылықтардың негізгі қайнар көзі – ұлттық тіл.

Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр адамның қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – бүгінгі білім беру ісінің басты міндеті. Себебі мемлекеттік тіл – ресми қарым-қатынас қызметін атқарушы ғана емес, мемлекет азаматтарын ортақ мүдделер төңірегінде біріктіретін ұйытқы болғандықтан, жоғары дәрежедегі рухани байлық, ең басты құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Абай Қара сөз. Книга слов. – Семей: Международный клуб Абая, 2001. – 264 с.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 139 б.
- 3 Сыздық Р. Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // «Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет» атты профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б.
- 4 Богин Г.И. Модель языковой личности в её отношении к разновидностям текстов: автореф. ...докт.фил.наук. – Л., 1984. – 41 с.
- 5 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
- 6 Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки. – 2001. – № 1. – С.64-72.
- 7 Апресян Ю.Д. Избранные труды в 2 т. Интегральное описание языка и системная лексикография. – М.: Наука, 1995. – т. 2. – 348 с.
- 8 Барулин В.С. Социальная философия. Учебник для вузов. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2000. – 560 с.
- 9 Барулин В.С. Социальная философия. Учебник для вузов. – М., 2000. – С.72
- 10 Бөрібаев Т. Қазақ менталитетінің әлеуметтік-философиялық табиғаты // Қазақстан жоғары мектебі. – 2003. – № 4. – Б.196-201.
- 11 Қайдар Ә. Мәдениеттің негізі – тілде // «Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет» атты профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б.

Резюме

В статье рассматривается значение понятия «личность» в языкознании, аксиологии. Описываются значения понятий концептологическая сфера и система ценностей языковой личности.

Resume

The author of the article considers the meaning of the notion «personality» in linguistics, axiology. The author describes the meanings of the notions «conceptological sphere» and «the system of values of the linguistic personality».

РЕФЛЕКСЫ ДИСКУРСА

Р.М. ТАБУКАШВИЛИ

кандидат филологических наук, профессор,
Технический университет Грузии,
Грузия

И.Г. ЧИКВИНИДЗЕ

кандидат филологических наук,
ассоциированный профессор,
Технический университет Грузии,
Грузия

К.С. ӘКІМ

докторант специальности «Филология»,
Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилёва,
Казахстан

Аннотация

В статье дискурс трактуется как целостность разговорной и письменной речи, как более многогранное, комплексное понятие, чем речь и текст. В дискурсе, которая рассматривается как сложное коммуникативное явление, интегрированы разные научные гуманитарно-социальные дисциплины. Исходя из этого, он является неординарным и рассматривается в сфере интердисциплинарных наук, в рамках которых формируется интенция исследования.

Ключевые слова: язык, речь, текст, дискурс, лингвистика, коммуникативное явление.

Введение. В научной литературе процесса детального анализа исследуемого объекта всегда опережает проблема дефиниции понятий, связанных с этими объектами. Поэтому мы взялись определить и уточнить содержание и суть таких смежных понятий, какими являются язык и речь, текст и дискурс.

Должны заметить, что язык является оппозиционным компонентом всех вышеупомянутых трех понятий – речь, текст и дискурс. В ранних лингвистических исследованиях понятия текст и дискурс обозначались как синонимы. Анализ дискурса Ван Дейка целиком изменил такое понятие [1]. Формула Ван Дейка дискурс=текст+ситуация, текст=дискурс-ситуация, лаконично и понятно передает то предположение, что дискурс имеет более широкое, более вменяемое и многогранное понятие. В широком

понятии дискурса подразумевается речевая коммуникация, все то, что говорится и пишется. В этом контексте можно сказать, что дискурс и коммуникация неразлучны. Дискурс – это сложное коммуникативное явление, он объединяет все параметры, которые свойственны и тексту, и речи. Дискурс – это текст в контексте коммуникативных отношений, это феномен, который объединяет аспекты языка и языкомышления. Он творчески связан с речевой деятельностью, тогда как текст - завершённый продукт речи.

Термины - текст, дискурс, литературный (художественный) текст, деловая проза - связаны друг с другом. Письменный текст можно услышать, дискурс можно записать, литературное произведение можно воспринять как слухом, также визуально и т.д. В каждом случае цель исследования определяет выбор коммуникативной единицы и того или иного аспекта для их разработки. Надо заметить, эти аспекты настолько переплетены, что невозможно ограничить один из исследуемых объектов определенным кругом, так как его рефлекс обязательно попадут в сферу других дисциплин.

Исходя из принципа многогранности и вместимости лексической единицы - дискурс, невозможно его исследовать в рамках одной конкретной дисциплины. Он является предметом исследования разных интэрдисциплинарных наук.

Основная часть. Дискурс часто ровняется с речью по Соссюровскому понятию и их рассматривают как идентичные понятия. «Речь - это язык в действии, languageinuse» [2]. Еще один фактор- дискурсу сопоставляют, как правило, текст, а реже - язык.

Рассмотрим более широко распространенные дихотомии, что предлагают лингвисты по отношению дискурса и дихотомии текста:

1. Дискурс является лингвосоциальной категорией, тогда, как текст – объект сферы лингвистики [3]. Текст - вербальный продукт коммуникационного действия [4], а дискурс - это текст, в аспекте событий [5, с.136-137].

Г. Кук в монографии, которая исследует дискурс рекламы, рассматривает дискурс как целостность текста и контекста. Вместе с этим, под текстом подразумеваются языковые формы, которые временно и искусственно, с целью исследования, изолированы от контекста [6]. Здесь автор рассматривает контекст в широком смысле и его компонентами осмысливает лингвистические, экстралингвистические и прагматические параметры – текст как физическое явление, музыку и графику, параязык (мимика, жесты, параграфемика), ситуацию, предыдущий и следующий текст, как элементы того же дискурса, интертекст (текст, который принадлежит

другому дискурсу, но связан с данным текстом и который влияет на его восприятие), участников коммуникации (адресант, адресат), функцию (иллокуционный замысел и перлокуционный эффект).

2. Дискурс и текст такая же оппозиционная пара, как процесс и результат. Дискурс – это творческое процессуальное явление, связанное с реальной речью, а текст – результат говорения, ее продукт, который имеет свою завершенную фиксированную форму [4]. Текст и дискурс связываются друг с другом отношениями реализации, дискурс выявлен в тексте. Он дан в виде текста. В то же время это соотношение неоднозначно: любой текст должен выражать несколько, иногда конкурирующих меж собой дискурсов и производить их реализацию. Каждый конкретный текст, как правило, имеет несколько разновидных маркеров дискурса [3, с.27].

3. Дискурс и текст – такая же оппозиционная пара, как и актуальность и виртуальность. Дискурс рассматривается как реально речевое деяние, как активное речевое деяние в конкретной сфере [7, с.19], а так же деяние, которое «создает связанный текст в разговорном процессе» [8, с.106]. В отличие от дискурса, текст не связан твердо с реальным временем. Он является абстрактным ментальным конструктом, который реализуется в дискурсе [9].

4. Дискурс и оппозиция текста (устная/письменная). Дискурс ассоциируется с устной звуковой речью, текст же - с письменной формой [10,11,12]. Говорение связано со звуковой субстанцией, которая является спонтанной, ненормативной, элипсовой, диалогичной, тогда как текст, который подготовлен заранее, нормативный, монологичный и диалогичный, отличается от говорения графической репрезентацией языкового материала. Дискурс объединяет все параметры, которые свойственны и говорению тексту. В этом контексте должна быть учтена позиция известного грузинского лингвиста, Виолы Пурцеладзе, учение которой опирается на указанную дихотомию, хотя под терминами текст и дискурс она подразумевает более масштабные понятия и считает их единицами лингвистики текста и анализом дискурса. «Лингвистика текста» (Textlinguistik) объектом исследования признает собственно письменное образование и исследует их как письменную манифестацию языковой деятельности, как ее средства и последствия. Дискурсная лингвистика (Diskursanalyse) интерес анализа направляет к устным языковым образованиям, вместе с чем основное значение придает теории языковых актов и методике ее использования в интерпретации дискурсных образований [13, с.47-48].

По мнению автора, такие термины, как текст, дискурс, литературный (художественный) текст, нехудожественный текст, образы деловой прозы и т. д., связанные друг с другом понятия. Письменный текст можно воспринять слухом, дискурс можно записать, а литературный текст можно воспринять как слухом, так и визуально и т. д. В каждом конкретном случае исследование определяет выбор коммуникативной единицы и аспекты исследования. Но эти аспекты, как считает исследователь, так перекрещены, что трудно представить, чтобы один из исследуемых объектов ограничился твердо замкнутым кругом и его рефлексии не вторглись в пространство других дисциплин [13, с.48].

Аналогичное мнение имеет Т. Мерабишвили, которая рассматривает проблему дихотомии/размежевания дискурса и текста в разрезе фундаментально-теоретической дисциплины – коммуникативистики (коммуникативная лингвистика). По ее мнению, вопрос принятия/передачи и восприятия информации являются объектами исследования как социальных, так и гуманитарных и естественных наук, а так же изучение коммуникативных механизмов в лингвистике осуществляется в теории речевых актов, анализа дискурса и в методике обучения иностранным языкам [14].

В связи с тем, что акт коммуникации всегда связан с какой-то конкретной необходимостью общественной жизни людей с различными отношениями и психологическими настройками коммуникантов, он (т. е. акт коммуникации) содержит прагматическое направление, который направлен на принимающего участие в этом акте партнера. Для успешной коммуникации языковая компетенция необходима, но она не достаточна [14].

Исходя из этого, Мерабишвили считает, что граница теории речевых актов не фиксированы, и они расширяются до теории текстлингвистики, набирают смысл в теориях вербальной коммуникации, интертекста и анализа дискурса. Это доказывает, что современная лингвистика интердисциплинарна, а ее границы - эфемерны. Она никогда не остается в замкнутом пространстве, а наоборот - входит в общий круг антропоцентрических наук. Автор считает, что дискурс - это сложное коммуникативное явление, которое вмещает в себя экстралингвальные факторы (знания о мире, мышлении, интенция).

Из-за многогранности и масштабности, а так же объемной природы дискурса, из-за того, что он не является предметом исследования только одной отвлеченной и отдельной науки, в

современных гуманитарных науках существует множество дефиниций о природе дискурса.

Эти дефиниции интегрируют в широкое понятие дискурса и подразумевают вид речевой коммуникации и все то, что говорится и пишется, следовательно, можно сказать, что дискурс и коммуникация всегда идут в ногу. Стабс и Теннен признают многогранность дискурса и при анализе говорят, что это самая безграничная сфера, которая мало определена: «Discourse analysis is widely recognized as one of the most vast, but also one of the least defined, area in linguistics» [15, с.12; 16, с.8-9].

О фактически не существующих границах дискурса указывает Джеймс Поль Джи, который рассматривает его феноменом, который состоит из людей, предметов, манеры общаться, их деяния, оценки, мысли и веры. Иногда дискурс состоит из письма, чтения и интерпретации. Дискурс существует в мире, подобном книгам, картам и городам [17, с.20].

Термин «Анализ дискурса» впервые был употреблен З. Харрисом в начале 70-х годов XX века. До того времени лингвистика редко выходила за рамки предложения. Харрис первым попробовал разрушить эти рамки и дистрибутивный метод переноса предложения на связанный текст [18]. В эту сферу значительный вклад внеси И. Хабермас, где он первым обратил внимание на тот аспект дискурса, который связан с речью. Он был первым исследователем, кто рассмотрел термин «дискурс» в социологическом аспекте и предлагал нам как один из видов речевой коммуникации, имеющего ценности общественных норм, правил и социальной жизни [19].

Позднее Е. Бенвенист внес терминологическое значение дискурса и назвал его речью коммуниканта. Поэтому дискурс часто рассматривают как процедуру по созданию текста коммуникантом. В теории Бенвениста дискурс - это оппозиционное отношение с объективным повествованием (recit). После этого понятие дискурса распространилось на все виды говорения, которые прагматически обусловлены и различны в своих целях и методами их достижения [20].

После Харриса, войдя в рамки крупной структурной единицы, по изучению текста появилась еще одна сфера лингвистического исследования - Лингвистика текста. Итак, расстояние от предложения до текста охватывал дискурс. Дискурс анализа и лингвистики текста практически являются основой создания смежных отраслей теории коммуникативистики. В начале 80-х годов XX века в литературе западных лингвистов появилась новая

тенденция - постепенное размежевание текста и дискурса, а также их дифференциация, а в ее основу лег комплексный подход к гуманитарным исследованиям.

На современном этапе у дискурса свой путь развития – лингвистическая прагматика. Дискурс является прагматизированной формой текста, его коммуникативным маркером, и его изучение невозможно без учета факторов субъекта коммуникации и его адресанта, без того, что определил акт коммуникации, какая коммуникационная интенция правит этим актом, и кто является его адресантом, а выявление условий прагматизированного текста, со своей стороны, требует усмотрения психологических и социальных факторов, т. к. в них объединяются языковые и внеязыковые аспекты [14].

Одной из совершенных версий дефиниции дискурса является разъяснение С. И. Виноградова, который считает, что дискурс - это завершенное коммуникативное действие, которое подразумевает взаимоотношения (взаимодействия) коммуникантов, с помощью вербальных текстов и другими языковыми комплексными единицами в определенной ситуации и в определенных социально-культурных условиях [21, с.139]. По аналогии формулы Ван Дейка, эту дефиницию можно записать как формулу: «дискурс = текст + интерактивность + ситуационный контекст + культурный контекст». Полагаем, что эта формула не противоречит, а подтверждает известное определение дискурса, в частности, дискурс - это текст в контексте взаимоотношений.

Заключение. Из вышесказанного можно заключить, что исследование дискурса невозможно рассматривать в рамках какой-либо конкретной науки или отрасли, исходя из его многогранности. Он является предметом исследования интэрдисциплинарных научных сфер, где вместе с лингвистами должны принимать участие специалисты разных сфер и областей: социологи, психологи, психолингвисты, искусствоведы, культурологи, этнографы, литературоведы и филологи.

В заключение можно добавить, что значение лексической единицы «дискурс» включает в себя множество вопросов, на которые надо ответить, и которые связаны с этим феноменом, но все это происходит закономерно, исходя из комплексности этого понятия. Рамки исследования устанавливаются исходя из интересов исследователя и его интенции, т. к. каждый ученый действует по своему усмотрению и направляет вектор исследования к своим поставленным целям. Несмотря на то, что у разных ученых разные цели, их все-таки объединяет общий компонент - дискурс.

Список литературы

- 1 Van Dijk., Teun A. Ideology and Discourse. - www.discourse-in-society.org.
- 2 McHoul A. Discourse // The Encyclopedia of Language and Linguistics / ed. R. E. Asher. - Oxford, New York: Pergamon Press, 1994. - P. 940-947.
- 3 Kress G. Ideological Structures in Discourse // Handbook of Discourse Analysis. Vol- London: Academic Press, 1985. - P. 27-41.
- 4 Brown, Yule 1983: Gillian Brown, George Yule, "Discourse Analysis", Cambridge Textbooks in Linguistics, Cambridge University Press, 1983.
- 5 Арутюнова Н. Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990.
- 6 Cook G. The Discourse of Advertising. - London and New York: Routledge, 1992. – 250 p.
- 7 Дымарский М.Я. Текст - дискурс - художественный текст // Текст как объект многоаспектного исследования: Сб. статей научно-методического семинара «Textus». - Вып.3. 4.1. - СПб. - Ставрополь: Изд-во СГУ, 1998.
- 8 Конечкая В.П. Социология коммуникации. - М.: Международный университет бизнеса и управления, 1997.
- 9 Schiffrin D., "Approaches to discourse", Oxford, Blackwell, 2004.
- 10 Hoyer M. The place of clause relational analysis in linguistic description // English Language Research Journal. - Vol.4, 1983/4. - P. 1-32.
- 11 Coulthard M. An Introduction to Discourse Analysis. - London: Longman, 1977. - 195 p.
- 12 Тураева З.Я. Лингвистика текста. - М.: Просвещение, 1986.
- 13 Пурцеладзе В. Текст как письменная форма языковой деятельности. – Тбилиси. -1998.
- 14 Мерабишвили Т. Комуникативистика как направление лингвистики. Межкультурные коммуникации. - 2011. N 15. <http://www.nplg.gov.ge/>
- 15 Stubbs M. Discourse Analysis. The Sociolinguistic Analysis of Natural Language, Oxford: Balckwell. – 1983.
- 16 Tannen D. Oral and Literate Strategies in Spoken and Written Discourse. - 1982.
- 17 Gee J. The Social Mind: language, ideology and social practice. - Bergin and Garvey, New York. - 1992.
- 18 Фуко М. Археология знания: Ника-Киев, 1996.
- 19 Темнова Е. В. Современные подходы к изучению дискурса. - М.: Наука, 2004.
- 20 Бенвенист Э. (1974). Общая лингвистика. – М.: Прогресс, 1974.
- 21 Виноградов С.И. Язык газеты в аспекте культуры речи // Культура русской речи и эффективность общения. - М.: Наука, 1996. - с.139.

Түйін

Мақалада дискурс тіл мен мәтінге қарағанда, ауызша және жазбаша тілдің бүтіндігі, аса көп қырлылығы және кешенді ұғым ретінде түсіндіріледі. Күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде қарастырылған дискурста түрлі ғылыми гуманитарлық-элеуметтік пәндер біріктірілген. Яғни, ол дәстүрлі емес болып табылады және қалыптасқан зерттеулердің аясында пәнаралық ғылым салаларында қарастырылады.

In the current paper discourse is discussed as an integrity of a spoken and written speech and is analyzed as a more multifaceted, complex concept than any speech or a text is. Different scientific, humanitarian and social disciplines are integrated in the discourse, which is considered to be a complex communicative phenomenon. Based on the above-mentioned, the discourse is considered to be extraordinary and is being discussed in the sphere of interdisciplinary sciences, in the boundaries of which the intention of the study is formed.

ЛИРИКАНЫ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР ҰСТАНЫМДАРЫ

Қ.М. БАЙТАНАСОВА

филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация.

Лирика – әдебиеттанудағы көне жанр. Лириканың көп қырлы сипаты, көркемдік болмысы жанр туралы көптеген зерттеулерді тудырды. Жанр ретінде алуан түрлі сипатқа ие лириканың осы қасиеті әдебиеттану ғылымында зерттеу нысанына жиі алынады. Жанрлық түр ретінде лириканың жаңа қырлары толығып, айқындалып отырады. Мақалада лирикалық туындының кейбір жанрлық-стильдік, бейнелілік-эмоциялық, танымдық ерекшеліктері туралы талдау жасалып, мәтін арқылы дәйектеледі.

Түйін сөздер: сөз өнері, лирика, автор, стиль, эмоция.

Әдебиеттану ғылымының басты мақсаты – адамзат мәдениетінің ерекше құбылысы – сөз өнерінің тереңіне бойлау, тану. Сөз өнерінің басты ерекшелігі болмысты адамға көркемдік-танымдық тұрғыда жеткізу. Сөз өнері, оның ішінде, поэзия сөздің тереңдегін, көркемдік құпиясын («Поэзияның негізі – құпиялылық», Н. Гоголь), бейнелілік қуатын ашады. Лирикалық шығармада автор өзіне, өз сезіміне бойлайды, өзінің сезім кеңістігінде болады. Сыртқы әлем автордың дербес қабылдауы арқылы көрінеді. Яғни «авторлық субъективизмнің» басымдығы байқалады. Бұл жөнінде орыс сыншысы В. Белинский лирикалық шығарманы «субъектілік патшасы» деп атаған [1,110 б.]. Л. Гинзбург те: «Шындығында лирика – аса көркем, биік, мәнді ұғымдар туралы сөз, ол белгілі бір дәрежеде адамның тамаша идеалдары мен өмірлік құндылықтары туралы айтары» («По самой своей сути лирика – разговор о значительном, высоком, прекрасном ... своего рода экспозиция идеалов и жизненных ценностей человека»), - деген [2, 45 б.]. Лирикалық шығарма – автордың өзіндік ой-сезімінің, көңіл-күйінің монологі. Қоршаған ортаның барша құбылысы автордың дербес қабылдауы арқылы танылады. Сондықтан да лирикада көңіл-күй мәселесі басты орында. Қандай да бір мезгілдегі жаратылыс құбылысы, әлдебір әлеуметтік катаклизмдер бірдей жағдайда бола отырып, автордың дербес дүниетанымына, қабылдауына орай мүлде өзгеше сипатта суреттеледі. Сондықтан да лирикалық бейнеде типтік ұқсастық,

жалпылау бола бермейді. Яғни, эпикалық шығармада оқиға тізбегі көрінсе, лирикада сезім, күй тасқыны, авторлық сана көрінеді. Яғни, лирикада сезім туралы баяндау, сезім-күйді суреттеу болмайды. Лирикалық шығармада автор қабылдауынан тыс тарихи дерек, әлеуметтік жағдай, табиғат құбылысы бейнеленбейді. Мәселен, кәдімгі өсіп тұрған ағаш сол қалпында көрінбейді, ол автордың көруі, қабылдауы арқылы суреттеледі. Сонда біз лирикалық шығармадан ағашты емес, ол туралы ақынның сезімін көреміз. Сонымен, лирикада баяндау, сипаттауды емес, сезім-күй, қабылдау арқылы автордың ішкі әлемі, психологиялық күйі танылады. Сонымен, лирикалық шығармада автордың сезімі, қуанышы мен реніші, ойы мен шаттануы, сүйіспеншілігі мен торығуы, тебіренісі мен толқынысы жырланады. Өткен ғасырдың 20 жылдары ресей әдебиеттануына «лирикалық бейне» терминін енгізген ірі әдебиет теоретигі Юрий Николаевич Тынянов (1894-1943) болды. Әрбір көркем туындыда сол шығарманы өмірге әкелетін өмірбаяндық автор – шынайы адам болатыны белгілі. Ал, лирикалық шығарма адам болмысының ең бір құпиялы, терең сезім-күйін бейнелі беретіндіктен, оны нақты бір адамға телу күрделі. Әрине, лирика адам болмысының ең бір қалтарыстағы сезім қылдарын шертіп, адамға тән әр қилы көңіл толқынын бейнелеп, адамның нақты, табиғи болмысын қозғайтындықтан шығармадағы лирикалық бейне мен автор арасына еріксіз теңдік белгісін қойғыңыз келеді. «Лирикалық кейіпкер» – шынайы автор бейнесін, оның тағдыры мен болмысын беру үшін алынған бейне. Сондықтан да біз лирикалық шығарманы талдағанда «ақынның лирикалық кейіпкері» дегенді айтамыз. Сол арқылы нақты ақын, оның жан әлеміндегі сезім жат көзден тасаланады. Егер эпикалық шығарма бір-бірінен өзінің оқиғасының, кейіпкерлерінің көлемі мен саны жағынан ерекшеленетін болса, лирика жанры эмоционалдық сапа-қасиетімен, алуан түрлі көңіл-күйді беру ерекшелігімен айқындалады. Лирикалық шығармалар өзінің жанрлық – гимн, эпиграмма, арнау, эпитафия, сатира және тағы басқа түрлерімен белгілі. Әдебиеттің жаңа дәуірінде жанрлық шекараның арасы бір-біріне жақындап, кірігіп жатқан кезде, аталған жанрлар «таза» күйінде кездесе бермейді. Қазіргі кезде авторлар әр түрлі жанрлық қосылысты бойына тоғыстырған жанрлық түрге көбірек жүгінеді. Сондықтан да лирикалық жанр неғұрлым жалпылама атаумен «лирикалық өлең» деп те аталады. Алайда, адамның көңіл-күй ауанын барынша нақты беретін екі жанр бар. Олар: элегия және идиллия. Бұл екеуі адамның эмоционалдық күйін толық бейнелей алады: элегия – торығу мен қайғыны, идиллия – қуаныш пен тоғайған көңіл-күйді, жанның

тыншығуын, жарасымдылықты көрсетеді. Қуаныш пен қайғы адам баласына үнемі ілесе өмір сүреді. Лирика әдебиеттің ең бір мәнді жанры бола отырып, адам баласына тән көңіл-күйдің сан алуан құбылысын, реңк-бояуын береді. Осы ойымызды дәлелдеп көрейік.

Көрінеді
Орманнан
Түбірлер.
Айырылған
Аяқ-қолдардан
Түбірлер.
Мүгедек солдат секілді
Түбірлер.
Жүрегім тулап дүбірлер,
Кезеріп ернім күбірлер.
«Соғыс не?!

Менен біліңдер», -

Деп тұрғандай түбірлер (С.Мәуленов, «Түбірлер») [3,18 б.].

Ақын өлеңінде қол-аяғынан айырылған мүгедек солдат ағаш түбіріне телінген. Мүгедек солдат – соғыстың, оқ пен от арпалысының бейнесі секілді. Онда айтатын әңгіме – соғыс әңгімесі көп. Сабағы мен жапырағынан айырылған ағаштың түбірі қалса да, оның өмірге деген құштарлығы, тіршілікке деген ынтызарлығы басым. Себебі, оның топырақтан нәр алатын түбірі – тамыры сақталып қалған. Тап сол сияқты соғыс мүгедегі де – өмірдің, тіршіліктің мәнін, мағынасын жақсы түйсінеді. Соғыс зардабын басынан кешкен солдат оқ пен оттың арасынан тірі қалған, мүгедек болып, аяқ-қолынан айырылған. Алайда, оның жүрегі соғып тұр. Ағаш түбірі де келешекте әр, нәр жинап, жапырағы жайқалған ағашқа айналады. Өйткені оның түп-тамыры үзілмеген. Соғыс ардагері адамзат үшін қан төкті, келешекке өмір сыйлады. Осы өлеңде элегиялық сарын айқын болғанымен, астарында өмірді сүйу, оған деген құштарлық бар. Сол сияқты:

Қоңыр төбе!
Қоңырайып тұрсың сен,
Көптен бері шықпады деп басыма.
Қоңыр төбе!
Артта қалған жылсың сен,
Қар түсіп кеткен қара шашыма.
Жапырақты жарқын жаздар енді жоқ,
Жастық мені кетті аттан құлатып.
Қоңыр төбе!
Өткен күнге белгі боп

Тек бұлағың кеудемде тұр жыр атып (С.Мәуленов, «Қоңыр төбе»)

[3, 63 б.],- деген өлеңде өмірге деген көзқарасы кемелденген лирикалық қаһарманның жан-сезімі, толғанысы байқалады. Жастықтың жалындаған, жарқыраған сәті артта қалды. Енді қарттық кезең күтіп тұр. Бұл шақта адам баласы өткенін көбірек ойға алады, тамыр-бастауын көбірек аңсайды. Айналасын қоршаған дүниеге ойлы, байсалды қалыппен қарайды. Өткен өмірінің мән-мағынасын салмақтайды. Туған жерінің, жастығының, қуанышының куәсіне айналған «Қоңыр төбесін» сағынады. Ақын бұл қысқа өлеңіне терең мағына сыйдырған. «Қар түсіп кеткен қара шашыма», «Жастық мені кетті аттан құлатып» деген жолдарда қарттық кезеңге таяп қалғанына, өткен өмірді енді оралта алмайтынына деген мұң байқалады. Ақынның жанына медеу тұтатыны – өлеңі («тек бұлағың кеудемде тұр жыр атып»). Ақын жырын қысы-жазы сылдырап аққанынан танбайтын мөлдір бұлаққа теңейді.

Элегия мен идиллияның бір шығарманың бойында қатар өрілуі лирикалық шығармаға таңсық емес. Жанр табиғатының өзі мың сан құбылған адам көңіл-күйін бейнелейтін болса, адам баласы да сынаптай құбылған күйде болатыны шындық. Кейде кейіпкердің көңіл-күйі элегиядан идиллияға немесе керісінше ауысып отырады. Кез келген автор ішкі монологін көппен бөліседі, жырындағы көңіл-күйімен ортақтастырады. Сондықтан да бір шығарма бойында кейіпкердің мінез-сипатына түрліше талдау беріп те жатамыз. Жоғарыдағы екі өлеңде де элегиялық күй басым. Сөйте тұра, «жүрегі тулап дүбірлеп», «жыр бұлағы кеудесінде тасқындап тұр».

Әрбір жанр өзі жасаған дәуірдің сипатын бойына жинайды. Сол арқылы ақынның стилі айқындалады. Көркем туындының тілі – әдебиеттану саласындағы маңызды проблемалардың бірі. Әдебиет – сөз өнері, ендеше сөздің сан түрлі мағыналық құбылуы, бояуы мен бейнелілігі – әдебиеттің маңызды элементі. Сөз арқылы қаламгер барша заттық әлемге жан бітіреді, туындының бейнелілік құрылымын түзеді, кейіпкерлерінің арман-аңсарын, әрекет-құбылысын суреттейді. Сөйтіп, көркем шығарма сөздің поэтикалық қуатын көрсетеді.

Әдеби шығарма сөздің әсерлі-эмоционалдық реңкін көтере көрсетеді де, қаламгер бейнелі сөздің көпқабатты сипатын барынша жарқырата ашады. «Әдеби шығармашылықтың структурасы, болмысты көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игерудің кезеңдері мен заңдылықтары, көркем құндылықтардың дүниеге келу барысы және оны қабылдау сипаты туралы ашылған сырлар аз емес, әлі күнге дейін анықталмай отырған жайттар да бар. Әдеби шығарманың туу

үрдісі мен қабылдануының құпиясы әдебиеттанудың күн тәртібінен түспейтін зәру мәселесі болып келе жатқанының сыры тереңде» [4, 48 б.]. Көркем туынды көркем-бейнелі сөздің неғұрлым эстетикалық болмысын ашатын түрлерін кең пайдаланады. Сөйтіп, сөздің ішкі эмоционалдық-экспрессивтік мәні құлпыра түседі. Сондықтан да қаламгерлер сөздің реңк-бояуын өзінше бедерлей, айшықтай көрсетеді. Мәселен, С. Мәуленовтің жоғарыда аталған «Қоңыр төбе» өлеңі түс (қоңыр) арқылы уақыттың өтіп кеткенін, адам жасының ұлғайғанын, қарттыққа беттеп бара жатқан адамды ой мен мұң иектейтінін, оның өзі қоңыр төбел, қоңырқай ойлар екенін өлеңдегі эмоционалдық реңк тудыратын сөздер арқылы көрсеткен. Ақында түске басымдық бере отырып, экспрессивтік мән үстейтін тағы бір өлеңі «Ақ түс» деп аталады:

Сүйемін түскі тауды аппақ,
Сүйемін қысқы қарды аппақ.
Сүйемін өзен жарына,
Сүйеніп тұрған талды аппақ.

Сүйемін селдір бұлтты аппақ,
Сүйемін мөлдір сүтті аппақ.
Сүйемін аппақ көңілді

Ақ жаныммен құттықтап (С. Мәуленов, «Ақ түс») [3, 62].

Лирикалық шығармада белгілі бір бейне, түр-түс үлкен эмоционалдық мәнге ие. Ақынның өлеңіндегі ақ түс оның өмірге, туған ел-жеріне, адамдарға деген көңіл табы, ілтипаты. Ақ түс – қасиетті түс, ол ертеден адалдықтың, бейбітшіліктің, еркіндіктің, тазалықтың символы. Өлеңде ақын жанының сәбидей тазалығы, өмірге деген кірбіңсіз көңіл-күйі өрілген. Өлең тармақтарындағы «сүйемін» сөзінің тармақ сайын қайталануы ырғақты тудырып тұр. «Ақ түстің» экспрессивтік реңкіне «сүйемін» сөзі терең эмоционалдық мән үстеп тұр. Екі ұғымның қадір-қасиеті бір-бірімен үндесіп, ашыла түскен. Әдебиеттегі сөз тек түсіндірмелі, коммуникативті рөл ғана атқармайды, сонымен бірге оның барша ішкі мағынасы, көп қырлы, үстеме мәні ашыла түседі. Сөздің тереңдей құбылған мәні бірінен кейін бірі ашылып, жаңа мағына иеленеді. «Ақ түс» өлеңіндегі «өзен жарына сүйеніп тұрған тал» мен «мөлдір сүт» ақын көңіліндегі сезім-тебіреністің ерекшелігін аша түскен. Сонда лирикалық жанр жалпы алғанда, жанрлық түрлілігіне қарамастан, ортақ сипат иеленеді. Өйткені, лириканың өзі – терең құбылған, бір-бірімен астасқан, көп мағыналы, бейнелі, ауыспалы, толқымалы, қарама-қайшылықты көңіл-күйдің көрінісі. Ендеше, бірде шаттана қуанған лирикалық кейіпкер ізінше мұңға батады.

Осыдан келіп, жалпы әдеби туындының өзіндік ерекшелігі айқындалады. Көркем мәтінді бірден бір түрге бөліп, бір қалыпқа сыйғыза қою қиын. Ол барынша өзгермелі, динамикалы, көп қырлы, сипаты да шартты. Кейде лирика деп қабылдаған дүниенің прозалық өлшемге сыйымды болып келеді. Оған дәлел М. Мақатаевтың «Әже-Сәби-Келін» өлеңі:

Бостан-босқа боздамашы, жыламашы, қарағым.
Ей, шешесі!
Бір тілегін орындай сал баланың!
Сырқаттанып қалғансың ба?
Неге кетті тынымың?
Бостан-босқа жыламашы, жыламашы, құлыным!

Не сұрайды!
Жылатпашы.
Сұрағанын берсеңші,
Енді мұның жылағанын,
Есітпей-ақ өлсемші... [5, 78 б.].

Қазақ сәбиін өлеңмен жұбатқан («Әлди-әлди ақ бөпем»). Халқымыз жасқа айтатын ескертуін тілек пен батаға бергісіз сөздермен әспеттеген. Бұл өлең үлкеннің кейіп отырып-ақ айтатын ақылына, күнделікті отбасында кездесетін жағдайға құрылған. Немересіне араша түскен әженің келінге айтатын сөзі. Ақын М.Мақатаев мұны жырға айналдырған. Диалог түріндегі тіл қатысудың ар жағында халқымыздың ғұрпы, өнегесі жатыр. Өлеңдегі екпіндей, зекуге бергісіз басталған өлең жолдары келесі шумақта бәсеңдеп, қарт адамның мейірімге толы, тілеуқор мінезімен аяқталып тұр. Ендеше, халықтың, қарияның сөзі бата мен тілекке бергісіз. Отбасының тыныштығы мен берекесін, ұрпақтың тәрбиесін көп құндылықтан жоғары қойған ұлт мінезі. Қара сөз жырға бергісіз құйыла қалған. Өлең кәдімгі проза, оның ішінде толымсыз диалог (қалыпты ырғақ пен рифмадан азат верлибр) үлгісінде құрылған.

Әдеби шығарманың ең басқы қабаты логикалық-мағыналық ұғыммен байланысты. Ең алдымен көркем туындымен танысқанда осы үстіңгі логикалық мағынаны ашамыз. Ал, автордың поэтикалық идеясы, ойы одан кейін тереңнен беріледі. Ендеше көркем мәтінге аналитикалық талдау қажет. Алғашқы логикалық жүйе мәтін туралы кең ұғым бере бермейді. Оның астары тереңде жатыр. Егер туындыны жан-жақты, ықтиятты талдағанда ғана ақын қолданған әрбір сөз көркем шығармаға, поэтикалық мәтінге айналады. Көркем

шығарманы талдау тәсіліне арнайы филологиялық оқудың екі түрін жатқызуға болады. Олар: баяу оқу және мәнерлеп оқу.

«Баяу оқу» терминін 1910-1920 жылдары әдебиет сыншысы М.О. Гершензон (1869-1925) енгізген [6]. «Баяу оқу» арқылы «сөздің ар жағынан қаламгерді көресіз», оқырман «баяу оқу арқылы дәм, түр-түс, сезімталдық пен елестетудің күрделі динамикасын» сезе алады. «Баяу оқу» қазіргі мағынасында көркем мәтінге енудің бір әдісіне айналды. Осы оқу түрі арқылы «ретрограндық» (қайтымды) оқу, яғни мәтінді бірнеше мәрте қайталап оқу жүзеге асады. Оқырман қайталап оқу арқылы қайыра ойлану, сөз мағынасына қайталап бойлау, ой елегінен өткізу мүмкіндігіне ие болады. Арнайы әдебиеттанушылық талдаудың өзі баяу оқуды айналып өтпеген. Көркем туындымен жұмыс жасау үстінде әдебиетші шығарманың кейбір бөлігін жазып алып, сюжеттік дамуды бақылап, кейбір детальдарды нақтылап отырған. Баяу оқу арқылы шығарманың жаңа мағынасына бойлай аласыз, кейбір ұғымдардың мәні тереңдей түседі. Сол арқылы оқырман да автордың ойына, танымына жақындай түседі. Жалпы, шығармашылық тарихында көркем шығарманың жазылу үстінде-ақ көпшіліктің назарына ұсынылып, жақын адамдардың, топтың, жұртшылықтың алдында оқылуы кездескен. «Мәнерлеп оқу» белгілі бір көркем мәтіндегі маңызды, ерекше бір ұғымды аса айқын айту дегенді білдіреді. Яғни, ақын идеясының негізгі өзегін, айтпақ ойын, пафосын тауып, танып жеткізу. Ақынның шығармасын тудыру үстіндегі шабытты мезетін, тебіренісін неғұрлым көркем, ажарлы етіп, сол ақынның толғанысына жақын етіп айтып беру қажет. Мәнерлеп оқудың өзіндік динамикасы, қозғалысы бар. Әрбір сөздің реңкін, түсін, бояуын қанық етіп айту, кідірісті дұрыс жасау, әрбір дыбыстың айтылу ережесін сақтау керек.

Әрбір көркем туынды адамға жанды поэтикалық ойды тудырады. Осы поэтикалық ой, сана, идея қаламгердің жаңа шығарма тудыруына негіз болады. Суреткердің көркем шығарма тудыруға деген шабытын, ұмтылысын В. Белинский «пафос» деп атаған. Ақын пафос арқылы өзінің сүйіспеншілігін, ықыласын, талабы мен дарын қуатын шығарма тудыруға арнайды. Сонда көркемдік болмысы терең, шынайы шығарма туады.

Лирикалық шығармада негізінен, белгілі бір заттық ұғым емес, оған деген сезім, оны қабылдау, түрлі-түсті бояуда көру алдыңғы кезекке шығатынын айттық. Яғни, лирикадағы «сөз сиқыры» әуен, дыбыстық ырғақ, интонация арқылы толығып отырады. Мысалы, «Сүйемін» өлеңінде осы сөз алты тармақта да басында қайталанған. Ал, «Сүйемін аппақ көңілді, ақ жаныммен құттықтап» деген соңғы

екі тармақ ойдың түйінін беріп тұр. «Тауды, қарды, талды, бұлтты, сүтті» сүю адамның аппақ көңілінен туады. Осыған ерекше шаттанған ақын осындай кіршіксіз, таза сезімнің болғанына дән разы. Ендеше, оқырман сөздің мағынасымен қоса, оның берілу реңкіне де ден қояды («Сұрағанын берсеңші, Енді мұның жылағанын Есітпей-ақ өлсемші...»). Үлкен адамның сол мезеттегі назасы мен алдағы өміріне құдайдан тілері қоса өрілген.

Көркем туындының тақырыбы мен идеясы бір-бірімен қатарласа жүретін ұғымдар. Екеуі де шығарма үшін маңызды элементтер. Туындының тақырыбы – ондағы негізгі сарынның, басты мәселенің жиынтығы. Ал, идея – автордың бейнелейтін құбылысқа деген қарым-қатынасы, ойы. Көркем туындыда көркемдік идея, поэтикалық идея, поэтикалық пафостардың да мәні ерекше екені белгілі. Сондықтан да көркем шығарманың идеясы бірден бас-аяғы жинақы болып құрыла бермейді. Автордың идеясы мәтінде оның белгілі бір мәселелерді шешіп, өзінің бағасын берген сәттерде ғана айқындалады. Поэтикалық идея мәтінде емес, кейіпкерлердің әрекетінде, сөзінде, шығарманың бейнелі-көркемдік жүйесінде беріледі. Ал, лирикада тақырып пен идеяны ашу аса күрделі. Мұнда эмоция, ырғақ, поэтикалық доминант алдыңғы кезекке шығады. Жалпы, лирикалық шығарма музыкалық туындымен үндес. Лирикада да музыкатану терминдері: мотив, ырғақ, баяулық пен шапшаңдық, кідіріс, гармония тағы басқа ұғымдар қолданылады.

Әлемдік поэзияда негізгі тақырыптар мен сарындар тұрақтылығы сақталған. Олар: табиғат, сүйіспеншілік, өлім мен өмір, адамгершілік пен жауыздық, арман-аңсар мен қайғы, достық, махаббат, құдай, сенім т.б. Тіпті поэзияда лирикалық кейіпкер, лирикалық «меннің» өзі дербес тақырып бола алады. Жоғарыда талданған лирикалық шығармалардан сол өлеңдердің басты тақырыбынан басқа ақынның сол тақырыпқа деген дербес ойы, идеясы да байқалып тұр. Ақын С.Мәуленовке соғыстың бейнесі, майдан даласындағы арпалыстың белгісіндей болған ағаш түбірі үлкен ой салған. Соғыстың салған ауыртпалығын, бүтінді бөлшектеген зардабын түбірі ғана қалған ағаш арқылы берген. Осы өлеңнен өзі де майданда болған жауынгер солдаттың бейнесі, жан жарасы байқалады.

Ақын өз кейіпкерінің болмысын даралау үшін оның ішкі әлемінің құпия-қалтарысына енеді. М. Мақатаевтың «Әже-Сәби-Келін» өлеңіндегі әженің («Отыр әже қолын алмай өмірі бітпес ісінен, сыпсың қағып келіні жүр, не десе де ішінен») шарасыз күйдегі кейпін бере отырып, мәнді ой қозғайды Ақын «ұзаққа

созылатын ойды» беру арқылы көлемді жанр көтеретін жүкті шағын лирикаға тапсырған. Өлең жолдарындағы жауабы күтілмейтін сауалдар кімге де ой салады. Ішінен тынған әже кейпі ақынның жанын да жай таптырар емес («Енелер мен келіндердің екі арасын түсінем»). «Қатал келін», «қайран әже», «уыз сәби» арасындағы қайшылық егер, прозалық шығарма болса, әрекет, оқиға арқылы өрбіп кете берер еді. Ал, лирикада эмоция, диалогті тармақтар, сәби, әже мен келін арасындағы көрініс үш түрлі психологиялық күй арқылы беріліп тұр. Автордың да ішкі ойы, жасаған түйіні де («қайран әже түңілді») айқын.

Кейде ақын болмыстан оқшау, поэтикалық дүниеден алыстау ұғымдарды сөз өнерінің кеңістігіне әкеледі. Сонда күнделікті қарапайым, үйреншікті қабылданып жүрген дүниелер өзгеріп, әсерленіп шыға келеді. Бұған жоғарыда өлең арқылы көз жеткіздік. Осы шағын өлең адам баласын биік, таза сезімдерге жетелейді. Сол арқылы ақынның шабыты, дарын қуаты, шығармашылығының басты идеясы да айқындала түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Белинский В.Г. собр. соч. в 9 т.– М.: Художественная литература, 1976. – Т. 2. – 675 с.
- 2 Гинзбург Л. О литературном герое. – Ленинград: Советский писатель, 1979. – 220 с.
- 3 Мәуленов С. Ақ түн. Таңдамалы өлеңдер. (Құраст. Е.Дүйсенбайұлы, Алғы сөзін жазған Ә.Кекілбайұлы. – Алматы: Раритет, 2003. – 192 б.
- 4 Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 128 б.
- 5 Мақатаев М. Өлеңдері мен поэмалары. Алматы: Жазушы, 1982. – 220 б.
- 6 Прозоров В.В., Елина Е.Г. Введение в литературоведение. Учебное пособие. М.: Наука, 2012. – 224 с.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые художественно-эстетические особенности, логико-понятийного и поэтического смысла (пафоса) лирики.

Resume

Some of the artistic and aesthetic features, logical-conceptual and poetic sense of the lyrics are considered in the article.

XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ.Т. ЖАНҰЗАҚОВА

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің профессор м.а.,
филология ғылымдарының докторы

Ж.Ш. САМЕТОВА

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
3-курс PhD докторанты

Аннотация

Мақалада ХХІ ғасыр басындағы қазақ романының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері мен көркемдік жүйесі талданады. Талдау барысында қазақ роман жанрының дамуы әдеби ағымдар үдерісі аясында қарастырылған. ХХІ ғасыр басындағы қазақ романы көтерген мәселелер қатарындағы адам болмысына деген автор пайымдаулары тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғырған құндылықтармен байланысты өрбіген.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ прозасы, әдеби ағымдар, көркемдік ізденістер, роман жанры

XX ғасырдың басында жазыла бастағанымен қазіргі күні ілгері озған қазақ романы күні бүгінге шейін қалыптасып, даму жолында жанрлық бағытта біршама олжаға кенелді. Жазылу үлгісі, мәселе етіп көтерген құбылыстары сан тарап тұтас бір көркемдік әлем түзеді. Роман теориясының білгір мамандары жіліктеп, жіктеуге татитын бай рухани қор жинақталды.

Бүгінгі таңда Кеңес дәуіріндегі көркем шығармаларды жоққа шығару тенденциясы бой көрсетіп жүргенін айта кеткен жөн. Солардың бәрі саясатпен жазылған, сондықтан бәрін де қара сиямен сызып тастау керек дейтін пікірлер де бар. Рас, ол уақытта саясаттың үстемік еткенін ұмытпауымыз керек. Талантты жазушыларымыздың шығармаларында заманның зорлығымен кіріп кеткен жалған пафос, социалистік реализм идеялары көрініс тауып жатты. Дегенмен қандай да бір қысталаңдарда болмасын көркемдік өріс ашқан қадау-қадау туындыларымыздың бай тарихы, қилы бағыттары болды.

Ал қазір ақ пен қараны айырмайтын, тоталитаризм және шовинизм өтірігіне бас шұлғи беретін кейіпкер келмеске кетті. Революцияға дейінгі қазақты түк сезбес қараңғысың, надан болғансың деп бас шұлғытқан идеологияның жолы кесілді. Тәуелсіздік дәуірінде өмір сүруші замандастарымыздың енді сана тәуелсіздігіне қарай қарышты қадам жасауына қазіргі қазақ романының жемісті ізденістерінің де орны бар. Проза, оның ішінде ірі көркемдік табыстары бар, алыптардың өзін қинаған күрделі жанр роман жазу, классиктермен ауызданған бүгінгі оқушының биік талғамын табу қиын екені рас.

Қазіргі қым-қиғаш ақпараттар заманында үлкен көлемді, дилогия, трилогияларды оқып отыратын оқырман жоқ деген пікірлер де кездеседі: «Роман бола береді, бірақ оның формасы кішірейеді. Мини-шағын роман, әрі кетсе 200 беттен аспайтын болады. Мен әңгіме жанрын романның жүгін арқалайтын қылып жазу керек деп есептеймін», - деп жазады А.Кемелбаева[1, 4б]. А.Исмақованың да пікірі осыған ұқсас: «Кеңестік кезеңде Лениндік мемлекеттік сыйлыққа ұсынылатын шығармалар міндетті түрде роман-эпопея болуы тиіс еді... Қазіргі кезде олай емес. Адамның ойлау жүйесі шапшаңдықты талап етеді. Қазіргі адам жарнамалық ойлау жүйесіне бейім. Ендеше, 4-5 томдық шығарма жазу бүгінгі қоғам үшін қажет пе?.. Мысалы, Нобель сыйлығын алған кітаптар роман деп аталғанымен көлемі жағынан біздің повестерден де шағын. Нобель сыйлығы романға берілмейді, ол сол жазушының ең тартымды, мықты әрі адамзаттың рухани дүниесіне қажетті ой айта білген туындысына беріледі. Сондықтан шығарманы көлеммен өлшеу қисынсыз» [2, 4б.]. Ал, зерттеуші Ж.Дәдебаев: «Роман көлемімен озбайды, танымдық мәнімен, тағылымдық байлығымен озады. Танымдық мәні терең, тағылымы мол роман танымы терең, тағылымы мол таланттан туады. Көп томдық, көлемді роман жазуға ешкім тиым салмайды. Бірақ әр нәрсенің де өлшемі бар. Романның қасиеті сыртында, көлемінде емес», - дейді [1, 4б.]. Біз бұл мақаламыздасол көлемге мән бермей-ақ, қасиеті мен сапасына үңіліп, ХХІ ғасырда жазылған, есте қаларлық тұшымды, дәмді ойлармен көңілге ұялаған романдардағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды пайымдам көрсек.

Сондай шығармалардың бірі –2012 жылы жазылған Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» атты тарихи романы. Роман суреттейтін оқиға ХVІІІ ғасырдың аяқ шенінде өтеді. Ресей империясының далиып өсіп, Қырымды жаулап алып, Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың тілегі бойынша Батыс Қазақстанның Ресей боданына айналғанының өзіне 50 жылдай уақыт өткен кез. Романда

негізгі үш кейіпкер, біріншісі – Ұлы мәртебелі II Екатерина патшайым, екінші – құрылғанына екі жылдай ғана болған Уфа және Симбирск әкімшілік аймағының әкімі, яки генерал-поручик Осип Андреевич Игельстром, үшінші – қазақтың атақты биі әрі батыры – Сырым Датов.

Жаңадан жауланған жерлерде тыныштық бірден орнай қоймайды. Әсіресе Орынбор жақ көп алаңдатады, мұнда тұратын қазақ, орыс, башқұрт, қалмақ, қырғыз-қайсақ (қазақ) өзара қырқысудан тыйылар емес. Игельстром алдымен осы шымшытырық жағдайдың себебін таразылауға кіріседі. Жоғары биліктің нұсқауы бойынша Сыртқы істер ведомоствосының архивіне кіріп, баратын жерінің күллі жағдайын зерттеп табандатқан үш ай отырады. Оның бер жағында генерал-фельдмаршал Потемкин, Сыртқы істер коллегиясы басшыларының бірі граф Безбордко Игельстромға бірсыпыра жағдайды тәпшітеп түсіндіреді. Осының бәрі романның алғашқы бөлімі тілі мен стилінің бөлекше қалыптасуына әсерін тигізген. Шенеуниктер сөздерін әскери канцелярлық стилде ұзақ-сонар өрбітеді.

Игельстромның миссиясы романның басты идеясы Императрица II Екатеринаның қабылдауында айқындалады:

«- Қай түкпірде қандай қиянда жүрсеңіз де, Ұлы Россия, орыс халқы, Россия тәжі мен тағы Отан алдында еңбегі адал ұлдарының қызметін ешқашан ұмытқан емес, барон мырза! Өлі күнге құлқы беймілім, мінезі әрпіл-тәрпіл мынау бас асау қырғыз-қайсақ жұртын жөнге салып, күллі Ресейге ортақ Заң жолына бейімдей алсаңыз, Ұлы Россияға сіңірген ұлық еңбегіңіз ескерусіз қалмайтынына бек сене беріңіз» [3].

Үлкен мемлекеттік және қоғамдық категориялармен ойлайтын адамның сөзі. II Екатерина патшайым боданындағы жұрт – қазақ халқының ұлттық мүдделері төңірегінде сөз қозғап отыр. Ресейдің бұл аймағына тыныштық орнату, бұратана жұрттарды бүкіл Ресейдің ортақ заңы, тәртібіне бейімдеу - ол кездің жағдайында ел ахуалын абаттандыруға біршама септігін тигізери сөзсіз еді.

«- Ұлы Россияның мүддесі – ұят-арымыздың мүддесі болмақ, алдияр! Честь имею!» - деп ант бергендей болады барон Игельстром аудиенция аяқталар шақта.

Генерал-поручик Орынбор жаққа мұздай қаруланған таза мұшкетерлерден тұратын алты батальон және драгун полкы, әрқайсысы өздеріне тиесілі гренадер роталарымен, өздерінің артиллериялық командаларымен, ат-көліктерімен шыққан болатын. Өзінен бұрынғы наместниктерден өзгешелігі, Игельстром бұл айбынды қаруды жөн-жосықсыз жұмсамаған. Алдынан шыққан

қалың өртті ақылмен біртіндеп басуға кіріскен. Ел ішін заңға бағындыру ол кездің жағдайында оп-оңай істелетін шаруа еместі. Жазушы кейіпкерінің мықты тұлға екенін сол шаруаны іске асыру барысында қолданған мүлде жаңа іс-тәсілдерін шындықпен нағыз реалистік тұрғыдан көрсете білгендігінен байқалады. Жалпы шығарманың реализм ағымында жазылғанын жазушының 20 жыл архив қоймаларын тінткілеп, қаншама сарғайған қағаздардың шаңын жұтып, анау айтты, мынау айттыға сүйенбей, нақтылы, объективті зерттеу жүргізе отырып жазғандығынан да анықтауымызға болады.

«Тар кезең» тарихи романның эпикалық поэмаға жақын түрі. Мұнда жеке адамның дара өмірінен гөрі тұтас ұлттардың өмірі алға шығады. Тартысы ел мен елдің, белгілі топтардың арасындағы қайшылықтарға құралған»[4, 92б]. Мәселен, Сырым батыр басты кейіпкерлердің бірі болғанымен, ол бостандық шайқысындағы арпалыста халықтың рөлін көрсетудегі дәнекер ғана.

«Тар кезең» романының үлкен бір ерекшелігі, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет орыс патшайымы мен генерал-губернаторы қазақ жүрегіне жақын жағымды кейіпкер ретінде суреттелгендігінде. Уақыт оза, отар мен империяның арасы нілдей бұзылып түнеріп сала бергенін автор жақсы біледі. Роман бүгінгі тәуелсіздік заманын еске алып жазылған сияқты. Олай дейтініміз, роман символдық көрініспен аяқталады. Сырым батыр алдағы алмағайып күндерге ой жіберіп, бұлынғыр болашақтың ендігі бейнесі қандай болар екен дегендей, көгілдір көкжиекке көз жіберіп ұзақ тұрады...

Әдеби үдеріс бірыңғай бола бермейді. Өзгесін былай қойғанда, тіпті тұлға түсінігінің өзі туралы әркілі бағдар-байлам айтылып жатады. ХХІ ғасыр әдебиетінде жаңа ағым мәнерінде жазылған шығармаларда көрініп жүрген постмодерндік белгі есебіне: бір адамның екіге бөлінуі, кейіпкердің іс-қимылдарының түс көру үстіндегі атқарылуы, қаһарманның сандырақ хәлге түсіп, елес көруі сияқты көркемдік тәсілдер жатады. Қазіргі әлем және қазақ әдебиетінде орныққан үрдістің бірі – адамның екіге жарылып, бір-бірімен айтыса, таласа жүріп, өмірдегі әркілі оқиғалар мен қоғамдағы жағдайлар туралы қарама-қайшылықты пікір айтып, екі түрлі өмір кешуі. Сөйтіп, бір кейіпкер екі адам болып, өзінің ішкі болмысын, көңіл түкпірінде жатқан ой-сырын ашып, күрделі образға айналады. Осы образ арқылы автор өзінің азаматтық позициясын танытады.

Сондай шығармалардың бірі – Мұхтар Мағауиннің 2007 жылы жарық көрген «Жармақ» романы. Шығарманың атауының өзі-ақ екі

ұғымның, екі позицияның, екі принциптің қайшылығы мен тайталасы туралы болатынынан хабардар етеді.

М.Мағауиннің суреттеп отырған уақыты – ХХ ғасырдың соңғы 40 жылы мен ХХІ ғасырдың алғашқы жылында орын алған жәйттер мен оқиғалар, сол шақтағы қазақ халқының жәй-күйі, яғни шығармадағы іс-әрекеттер нақты уақытта, нақты жерде өтіп жатады. Бірақ нақты уақыт пен нақты жер болғанымен, басты кейіпкерлердің өз үйінде отырып, басқа кеңістікке тап болуы, онда өң мен түстің арасындағыдай күй кешуі, сол кең сарайда болып жатқан тойдың үстінен түсуі, өзінің дастархан басында отырғанын көруі – бұл шығармадағы оқиғалар, әрі шын болған сияқты, әрі елес, әрі қиял секілді көрінеді. Демек, автордың мақсаты – осындай тәсілді қолданып, өз ортасының, өз заманының өте сұрықсыз қалпын, өзімен қатар өмір сүріп жатқан адамдардың жиіркенішті қылықтарын аллегориялық жолмен ашып беру екенін көреміз. Романдағы оқиғалар, адамдар, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы, іс-әрекеттері – түгел шындық деп айта алмайсың, солай бола тұра шындық емес деу тағы қиын. Осы ойды жазушының өзі де құптағандай: «Көркем тәсіл деп тануға тура келеді. Мен дегеннің бәрі – мен емес. Ол дегеннің бәрі – ол емес. Ол деген – мен. Мен деген - ол» - деп жазады [5, 140б.]. Анығын айтқанда, бұл шығармада автордың өз өмірінің эпизодтары мол, олар шарттылыққа толы, сондықтан романды ғұмырнамалық та дей алмаймыз. Марқұм болған Иман Қазақбай деген жазушының атынан баяндалатын оқиғалардың біразы – сол шақта өмірде болған жәйттер, сондай-ақ кейіпкерлердің де кейбірі реалды адамдар, олардың арасында болған айтыс-тартыстары да шындық. Бірақ бұған қарап романды тарихи деуге де келмейді. Бұл – постмодерндік мәнерде жазылған әлеуметтік-психологиялық немесе философиялық шығарма деуге болады.

«Жармақтың» өн бойында қамшыдай өріліп отыратын өзекті мәселе – қазақ халқының тарихы, оның ұлт болып қалыптасуы мен рухани құндылықтары. Шығарма: «Иманнан айырылмасаңыз, барлық Мұрат орнына келері күмәнсіз!»[5, 147б.] - деген фразамен аяқталады, ол шығарманың не себепті Иман Қазақбай атынан берілгенін аңдатады, имандылыққа шақырады... Иман – Қазақбай – Мұрат – үшеуі біртұтас ұғымға айналған!.. Бұл – иманды қазақ (жұрты) мұратына жетеді деген сөз.

Келесі талданбақ жаңа ғасыр шығармасы 2012 жылы «Жұлдыз» журналының №2,3,4 сандарында жарық көрген Қуаныш Жиенбайдың «Жер үстінде жұмақ бар» атты туындысы.

Жанрлық жағынан бұл публицистикалық роман, ал, соңғы бөлімі шытырман оқиғалы туынды тұрпатын иеленеді. Кейіпкер тағдырындағы мұндай шұғыл бетбұрыс, қысыл-таяң өзгеріс, поэтика тілінде перипетия деп аталатыны мәлім. Бас кейіпкер Көбейсінге кенет қастық жасалады. Роман аяқталарда оның бойында әлі жаны бар болғанымен, бұдан былай жер басып жүрер-жүрмесі беймағлұм. Бұл жағынан сөзі орта белден үзіліп қалатын көп романдардың ізін шиырлайды.

Романның бас кейіпкері – біздің замандасымыз Көбейсін – өте шебер сомдалған характер екенін атап айтуымыз керек. Кішкентайынан өз нанын өзі тауып үйренген дара мінезді Көбейсін ауылдастарын таң қалдырып Мәскеудің теміржол институтын бітірген іскер маман. Әйгілі Байқоңырдың №1 ұшу алаңына керек минутында тіркемелі қос тепловоз жіберіп қызмет ететін Төретам депосының бастығы болып істейді. Дәлірек айтсақ, істеген. Роман басталар-басталмаста ол Байқоңыр маңындағы жабық қала мәрінің орынбасары болып жоғарылайды...

Төретам – ит байласа тұрғысыз жер. Теміржолға ентелей қоныстанған қазақы үйлердің жартылай құмға көмілген терезелері, қаңылтырмен қапталған ұзын мұржалары бір-бір шаңырақтың үстіне орнатылған спутник антенналар, бір көшенің жарымы ғана асфальттанған ұсқынсыз мекен. Бұған адам төзгісіз қапырық ыстық ауасын қосыңыз. Талай бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып жүретін Төретамның сикы осы. Роман әрқашан халық өмірінен, ой-ниетінен қуат алады. Есік-терезесін халық даусын, пікір-ойын жеткізу үшін айқара ашып тастайтын жанр. Жазушы Қуаныш Жиенбай шығармасы халық фантазиясының нақтылы бір құбылысын дәріптеуге лайықталып құрылған. Мифологиялық мектептің эпикалық қаһарманы хақ тағала нұрын шашумен ерекшеленеді ғой. Қуаныш Жиенбай шығармасының композициясы аңызға айналған ұлттық кейіпкер культін, атап айтқанда Қорқыт баба рухын тиянақтаумен шектеледі. Әлем әдебиетінде мұндай шығармалар неомифологизм ағымына жатқызылатыны белгілі.

Неомифологизм – қазіргі қазақ әдебиетіне де бауыр баса бастаған ағымның біріне айналып келеді. Қазақтың ауызекі тілімен айтқанда – бұл ағымның ұраны аруақ шақыру. «Теміржолшылардың арқаларын асқар тауға тірегендей бір құдіретті күш бар. О жарықтығың мемлекетаралық келісімшарт дегеніңізге бағынбайды, жаһандандудың алапат күші дейтін ұғым – түсінігіңізді де қыстырмайды, космостық альянстың сан түрлі баптан тұратын ережелеріне де елең етпейді. Міне, осындай жер бетіндегі жұмырбастылар табынатын құдіретті күштердің бәрін бір бұрышқа

жиып қояды да, Қорқыттың аруағы Төретам төңірегіне өз үстемдігін орнатып, қара бұлт арасынан жарқ ете қалатын күн көзіндей от ойнатып, ойқастап шыға келеді. Ғарыш пен жұмыр жер арасындағы жағдайды, асылық айтты демесін, Қорқыт кесенесінен бөлініп шығатын биоток желілер ғой реттеп отырған...

Қорқыт кесенесі космодромның нақ іргесінде, таяқ тастам жерде. Қобыз үнін күңіретіп, ұлы даладағы адам қолымен жасалатын жамандық атаулыдан сақтандырып, күндіз-түні кірпік қақпастан күзетіп тұр... Жердің тартылыс күшінен Қорқыт баба кесенесінен бөлінетін биотоктардың әсері әлдеқайда күштірек!»[6].

Көбейсін сырт жұрттың келімді-кетімділерінің алдында сөзінің әу-бісмилләсін осы раушан пікірден бастайды. Күндіз-түні ірілі-уақты шаруадан бас алмайтын түнеріңкі бастықтың мұндайда жүзі жайнап сала береді. Алыстан келген қонақтар космодромның аруақты жерге қоныстанғаны туралы аңызға бергісіз әңгімесін Көбейсін майын тамызып айтқанда, жұрт қалай мүлгіп тыңдайды десеңізші.

Бұл шаруашылық басшысының үлгермейтін ісі жоқ. Перрон әрдайым жылан жалғандай тап-таза. Төретамның қуаң шөліне алыстан топырақ тасып, тұқым тауып шағын гүл бағын өсіреді. Мұндағы жұрттың шешілмей қалатын мәселесі болмайды. Кабинетінде ме, жолшыбай жолыққанда да жұрттың мың сан шаруасын кейінге қалдырмай сол сәтте шешіп беретін іскер маман. Басшылардың бұйрығын екі етпей орындаумен бірге, өзі де оларға талап қойғыш. Жабық қаланың ауруханасынан төретамдықтарға орын алып берді. Басқа да тұрмыстық мәселелерді қалт жібермейді.

Әрі романтик, әрі тіс қақты шаруагер Көбейсін қазақ аспанында тәуелсіздіктің көк туы желбірегінде тіптен рухы тасып жігерлене түсті. Роман да осы тұстарда шешен тілдің тиегін ағытып шалқи жөнеледі. Жабық қала мэрінің орынбасары болғаннан бері Көбейсіннің басына Төретамдағы кішкентай гүлзар идеясы өзінен өзі кеңейіп жайнап сала берді. Шөл даланы гүл жайнататын жоспар құрады. Қорқыт кесенесі мен космодромды біріктіріп, біртұтас этноқазақ ауылының құрылысын жасамақ. Ол үшін әлемдік туристік ұйыммен байланыспақ...

Үш қобызды біріктіріп салған аппақ Қорқыт кесенесі космодромға таяу жерде тұр қобыз үнін күмбірлетіп.

Жабық қала мэрі кесене маңынан он сотықтай жер сұрайды. Сол жерден мейрамхана, қонақ үй салғызбақ.

Мэрдің арам ниетін Көбейсін бірден түсіне қояды. Ресторанның жын ойнағы Қорқыт қобызының үнін өшіріп, қасиетті иесін ұлы даладан ығыстырып шығармақ. Осы кезде Көбейсінге

кастандық жасалады. Яғни, мэр өзінің жасырын бұйрықтарын орындайтын жігіттеріне бұйрық береді. Олар Көбейсінді төбеден бір қойып талдырып қу медиен далаға шығарып қолына мэр қойған талап жазылған қағазды ұстатады. Өлгің келмесе қолыңды қой. Көбейсін бас тартады. Мэр жандайшаптары Көбейсінге укол салып иен далаға тастап кетеді. Осы тұста Көбейсіннің елден ерек характері ашылады. Нешеме күн нәр сызбай, әрі уколмен уланған Көбейсіннің Қорқыт кесенесіне бірде жер бауырлап, бірде тәлтіректеп жеткен ерлігінің кереметін түсіну үшін романның әлденеше бетке созылған суреттеуін оқып шығу керек. ХХІ ғасыр романының аталмыш шығармасы Кеңес кезіндегі Борис Горбатовтың «Нағыз адам туралы» хикаясының бас кейіпкері Маресьевке ұқсайды да, ұқсамайды да. Социалистік реализмнің аталған шығармасының қозғаушы күші әрекет-қимыл диалектикасы болса, біздің қазақ романымыздың кейіпкері ұлттық мүдде үшін жан алып, жан беру диалектикасын, неомифологизм рухын қосады.

«Қобыз үні бүткіл тұла бойыңызды көктемгі самал лебіндей аймалайды. Сол алпыс екі тамырыңды бүлкілдей соқтырып, ет пен терінің арасындағы жасырынып жатқан іріңді қандауырдың жүзімен сылып тастайтындай. Қойын-қонышың әуенге толы, дала әуеніне толы. Әлдекімге ашуланғаның, біреудің қиянатын кешіре алмай кектенгенің, ренжігенің... түк те жоқ. Құдды ақ парак секілдісің. Әлде үлбіреген ақ матаға айналып кеттіңіз бе?! Тазалық, адам-ау, бұрын қай бұрышта бұғып жатқан тазалық?! Таза адамсыз. Қараулық атаулыдан адасыз. Жұмақ! Жер бетінде жұмақ бар ма осы?! Болса қайда? Оу, жұмыр бастылардың өмір бойы армандап өтетін жұмағы осы болмасын. Яғни, жұмақтың бар болғаны ғой. Ах-ах-ау, о жұмақтың төріне кімдер шығады?»[6].

Роман қорытындысында шығарманың басты айтар ойы жинақталған. Қорқыт баба аруағының сағын сындырудан ешкім дәметпесін дейді шығарма. Көбейсін басынан кешкен трагедиялық оқиға оқушысын оптимистік рухқа бөлейді. ХХІ ғасырдағы қазақ романының идеалы – Көбейсіндер көксеген арман: жер үстінде жұмақ орнату болса керек.

ХХІ ғасырдағы қазақ романы айналдырған 16 жыл ішінде идеялық-көркемдік сапасын арттырып, адамзат ісіне араласып, тәуелсіз дауысын әлемдік дәрежеге көтеруде. Тарих үшін тым қысқа уақыт болғанмен зерттеу барысында қаншама туындылардың жарыққа шыққанын аңғардық. Олардың барлығын бірдей талдап, саралауды бұл мақаламыздың жүгі көтермейді. Дегенмен талданған шығармалар бойынша қорытынды жасайтын болсақ:

– Ұлттық тарихымыздың арғы қайнарларын ашып қалпына келтіретін, реалистік ағымдағы романдарымыздың барына көз жеткіздік.

– «Әлем дегеніміз - хаос» делінетін постмодерндік шығармаларды мойындамайтын ғалымдарымыз үшін, постмодерндік ағым негізінде жазылған романдардың өзі комикалық абсурд, пародия, сатиралық стихия мен иронияға орана отырып та тәуелсіз еліміздің жоғын жоқтап, барын айшықтайтын амал-тәсілдер табатынына сендік.

– Қазіргі романдарда замандастарымыздың бейнесі мен прототиптерін көре алмаймыз деген стереотиптің де жойылуы керектігіне көз жеткіздік. Себебі, Қуанышбай Жиенбайдың «Жер бетінде жұмақ бар» шығармасы неомифологизм ағымында жазылған шығарма болғанымен, кейіпкерлерден өз заманымыздың, осы дәуірдің образдарын байқаймыз.

– Ең бастысы ХХІ ғасыр романдары рухани өмірімізді байытқан үстіне байыта түсуде. Не тақырыпқа қалам тербесе де, көлемі жағынан қандай болмаса да бәріне «тәуелсіздік көзімен» қарайтын шығармаларды таптық.

Қабырғалы қазақ әдебиеті нарықтық қатынастардың қиын кезінде тоқтап, тоқырап қалған жоқ екен, қайта іркіліссіз ізденіп, іштей түлеп, қанатын кеңге жайып келеді екен. Қазақ қаламгерлері де роман жанры оқылмайды деген пікірден аулақ, керісінше роман жанрын барынша дамытып жатқанына куә болдық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 «Роман мен заман» атты дөңгелек үстел материалдары. Дайындаған: Әлібек Б. // Қазақ әдебиеті. - 25.01.2013. - №3-4(3324). – Б.4

2 «Қазақ романы: кеше мен бүгін» атты дөңгелек үстел материалдары. Дайындаған: Танжарық Т. // Қазақ әдебиеті. - 27.02.2009. - №7 (3118). – Б.4

3 Мұханбетқалиұлы Қ. Тар кезең // Жұлдыз – 2012. - №7. – Б.3-47, №8. - 56-Б.104, №9. – Б.19-98, №10. – Б.81-155

4 Елеуқенов Ш. Тәуелсіздік дәуір романы // Жұлдыз - 2014. - №8. – Б.89-98

5 Мағауин М. Жармақ // URL: <http://www.azattyq.org> (13 қазан, 2010)

6 Жиенбай Қ. Жер үстінде жұмақ бар // Жұлдыз – 2012. - №2. – Б.4-58, №3. –Б.36-77, №4. – Б.78-15

Резюме

В статье анализируются идейно-тематические особенности и эстетические системы казахского романа в начале ХХІ века. В ходе анализа развитие жанра казахского романа рассматривается в рамках процесса литературного течения. Суждения автора к человеческой бытии в ряде поднятых проблем казахским романом в начале ХХІ века развивается в связи с повторно преобразовавшими ценностями вместе с независимостью.

Resume

In this article thematic-ideology peculiarities and esthetic systems of Kazakh romance in the beginning of the 21st century are analyzed. During the process of analysis the Kazakh romance genre is considered in the literature reading process. The author's thoughts of human being in the row of the arisen problems of the Kazakh romance at the beginning of the 21st century is developed with reiterated enhanced values and the idea of independence.

КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

А.Т. САНДЫБАЕВА

3-курс докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация

Мақалада потенциалдылық ұғымының тіл білімі саласындағы термин ретіндегі түсінігі ашылады. Әлеует қолданысының макро жүйеден тарап, семантикалық әлеует түсінігі микро аяда қарастырылу ұстанымдары сөз етіледі. Әлеует түсінігі концептуалды ұғым төңірегіндегі мысалдармен талданып, семалық талдау үлгісі көрсетіледі. Контекст аясында көрінетін коннотаттық семалардың пайда болу себептері түсіндірілген. Полисемия ұғымы динамикалық үдерістегі құбылыс ретінде қарастырылып, концептуалды ұғым аясында пайда болатыны айтылған.

Түйін сөздер: полисемия, концептуалдылық, әлеует, контекст, денотат, коннотат, потенциал.

Сөздердің көп мағыналылығы тілші ғалымдардың назарына бұрыннан түскен актуалды тақырыптардың бірі. Лексикалық полисемия тақырыбын Ю.Д. Апресян, И.В. Арнольд, Н.Д. Арутюнова, В.Г. Гак, И.М. Кобозева, Е.С. Кубрякова, Г.И. Кустова, А.А. Уфимцева және т.б. ғалымдар еңбектерінде сөз еткен. Біз де бұл ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, семантикалық потенциал ұғымын ашуға тырысамыз.

Потенциал мағынасындағы әлеует ұғымы әлемдік лингвистикада да өз орнын нақты тапты деп айта алмаймыз. Дегенмен де әлеует ұғымы кез келген халықтың тілінде бар құбылыс. Сөздіктердегі мағынасы: қуат, күш, мүмкіндік. Әлеует – жойқын күш-қуат, әл-дәрмен; Әлеуетті – қарулы, әлді, күшті; ауқатты, тұрмысты [1, 87 б.]. Әлеует сөзі ғылымның кез келген саласында белсене қолданылатын ұғым, мысалы экономика, физика, химия салаларында кең қолданылады. Барлықтарына ортақ нәрсенің бірі – әлеует ұғымының мазмұны. Яғни бір нәрсенің әлеуеті туралы сөз еткенде, оның өткені мен бүгінгі жағдайына сүйене отырып, болашағын болжау. Бұл мағыналарды лингвистикалық термин аясында қарастыратын болсақ, лексеманың әлеуетін көрсету үшін оның бұрынғы лексикалық жағдайын білу керек. Осы орайда XI

ғасырда жазылған М.Қашқаридің «Диуани луғат ит-түрік» еңбегі көне түркі тіліндегі сөздердің лексикалық мағынасын ашуға негіз болатын еңбек болып табылады. Қазіргі күнде түркі халықтарының әрқайсысында өзіндік дербес тілі бар, түрлі тарихи жағдайларға байланысты және географиялық тұрақтануымызға байланысты тіліміз бастапқы қалпынан өзгеріске ұшырады. Сондықтан да бүгінгі актив лексикалық қорды пайдалана отырып, сөздердің семантикалық әлеуетін көре аламыз. Әлеует лексемасының семалық құрылымы:

- Болашақта жүзеге асуы мүмкін;
- Қандай да бір күш бірлігі бар;
- Даму векторын болжауға болатын;
- Абстракциялық сипаттағы ұғым.

Әлеует ұғымын ашу үшін «әлеует» лексемасына кіретін семаларға назар аудару керек. Жоғарыда берілген семаларға сүйенсек, әлеует дегеніміз – қандай да бір ресурстың жинақталған кешенді сипаты деп айта аламыз.

Лингвистикада тілдің әлеуеті ұғымын 1821 жылы В.фон Гумбольд сөз етеді: «...потенциально имеются все формы, поскольку язык всегда способствует человеку только в своей целостности, а не отдельными своими частями» [2]. Бірақ бұл идея сол кезде қолдаушыларын таппады. Кейін 1870 жылы «Некоторые замечания о языковедении и языке» (1870 жыл) еңбегінде Бодуэн де Куртэне «Язык как целое существует только in potentia» дейді. В. Матезиус 1911 жылы жарыққа шыққан «Тіл феномендерінің потенциалдығы туралы» мақаласында мағынаның әлеуеті ұғымын сөз етеді. А.В. Бондарко еңбектерінде орыс функционалды грамматикасындағы семантикалық әлеует туралы сөз етеді [3]. Әлеует – тілдегі бірліктің шығу тарихын ескере отырып, қазіргі қолданысына негізделе дамуының көрінісі. Лексеманың семантикалық әлеуетін анықтауда оның қолданыстық аясы баса назарға алынады.

2002 жылы жарық көрген Ж. Фоконье мен М. Тернердің «Полисемия және концептуалды интеграция» (Polysemy and conceptual blending) еңбегінде көп мағыналы сөздердің пайда болуын концептуалды интеграцияның когнитивті жасалым нәтижесімен байланысы арқылы түсіндіреді. Осы орайда концептуалды интеграция түсінігіне мән берсек, концептуалды интеграция мағынаның динамикалық құрылымы үдерісінде жүзеге асырылады. Яғни бастапқы ментальді кеңістіктегі түсінік (input) жаңа құрылатын ментальді кеңістікте бленд (blend) деп аталады. Бленд дегеніміз тұтас, шағын, тез есте сақталатын құрылым [4, 2 б.].

